

П И О Н Е Р



МАРТ

1954 ЖЫЛ

№ 3



Есет Дукебаев.

Ана әлдиі

Ұйықта, бөпем, ұйықта,
Ұйықта, бөпем сүйкімді!
Күзеттен әкең келгенше
Қандырып ал ұйқыңды.

Болмашы алаң: боран ғой,
Соққан гулеп ышқынып,
Ақ қайың ғой үн қосқан.
Үй артында ысқырып.

Мейлі боран долдансын,
Тау, қорманды аралап,
Қанатымен қар қуып,
Жылғаларды жағалап,

Қас қақпайды сақшылар,
Қас қақпайды әкең де.
Ел шетінен өткізіп,
Жол бермейді бөтенге.

Ұйықта, бөпем, ұйықта,
Ұйықта, бөпем, сүйкімді!
Күзеттен әкең келгенше,
Қандырып ал ұйқыңды.

Үілдеп, күліп қарсы ал
Әкеңді кірген күлімдеп.
Сүйсін сені көтеріп:
— «Өзіме тартқан ұлым», — деп.



Ленин — Сталин ісі үшін күреске дайын бол!

ПИОНЕР

№ 3

МАРТ

1954 жыл

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айыно бір рет шығады.

Шығуына 16 жыл.



1944 жылы 5-ноябрьде ССРО Жоғарғы Советі Президиумының председателі М. И. Калинин И. В. Сталинге Ұлы Отан соғысында Совет халқын жеңіске жеткізгені үшін «Жеңіс» орденін тапсырды.

Суретте: М. И. Калинин И. В. Сталинге «Жеңіс» өрденін тапсырып тұр.



И. В. Сталин Рион су электр станциясында.

Суретті салған И. Тондзе.

М. Большинцов пен М. Чиаурели

Көктем

Сталинградтың көктемi шықты.

Волга қатты тасыды да, телегей-теңіз қар суы арнадан асып, өзеннің ойпаң сол жағасын, құмқайырды, шабындық жерді басып кетті, ал аралдар тұрған жерлерде тек жас жапырағы құлпырған ағаштар ғана қылтыйып қалды.

Бір күннен бір күн жайма шуақ арканы жадыратып барады. Үлкен де, кіші де күн шуаққа, көшеге, Волгаға ынтығады...

Шағын пионер отряді бұл көктемді қала сыртында, емін-еркін жарысуға, асыр салып ойнауға, тарихи атақты орындарды көруге боларлық өзеннің дөңес, ашық жағасында қарсы алуға келді. Осында, мына төбешіктердің арасында орыс адамдары Мамай ханның татар обырларымен соғысқан-ды, сол себепті төбешіктердің ішіндегі сонау ең биігі осы күнге шейін Мамай қорғаны деп аталады. Бұл жағаға бір заманда Степан Разиннің желқайықтары да келіп мандай тіреген-ді. Ескі қамалды алу үшін көтерілген еңбекшілер мен казактарды

Емельян Пугачев осы жерден ілгері бастап жөнелген болатын. Бұлардың бәрі ескі заманда болған оқыйғалар, ал тап осы айтып отырған жерлерде сол келіп тұрған пионерлердің өздерінің әкелері мен ағалары қатысқан қарлы шайқастар да болып өткен. Осында, жаугершілік он сегізінші жылы Сталиннің бастауымен Қызыл Армия ақгвардеецтер тобының тас-талқанын шығарды. Бұл Царицын үшін болған тарихи ұрыс еді, халықтың ырқымен ол енді Сталинград деп аталып кетті.

— Ал, сонда Сталин қай төбешікте тұрды?— деп сұрады пионерлер вожатыдан.

— А ол анда, сайдың сыртында.

— Соған барайықшы!

— Барсак, барайық!

Олар бұрандаған сайдың ішімен тұра жүгіріп келді де, өрмелей жоғары көтеріліп, шошақ төбешіктің бөктеріне жыйналды. Ұрысқа қатысқан адамдардың айтуы бойынша, Царицын

үшін болған ұрыстың қыйын-қыстау кезінде Сталин жолдас осы төбенің үстінде тұрыпты.

Балалар төбенің үстіне көтерілгенде тауды бөктерлей жазық дала жатқанын, жазықты қапталдай сабасынан аса шалқыған Волганың көктем күніне күмісше шағылыса толқығанын көрді; ал, онан әрі шаңқан ақ үйлі хуторлар мен деревняларға қайысқан көк орай, кең даланың ұшы-қыйыры жоқ. Бүгінгі маужыраған ертеңгілікте айналасы тым-тырыс бейқам осы жер бір кезде қантөккі айқас орны болғанын көзге елестету тым қыйын. Бірақ балалар оны елестете алды да, Царицынды қорғау ойынын бастады.

Олардың ойынға еліккені сонша, ашық алаңға үлкен бір топ адамның келгенін андамай да қалды. Бірақ, көрісімен олар кісілердің кімдер екенін жалма-жан сұрастыра бастады. Келген адамдар жерге карталар мен сызықтарды жайып тастады, олардың мосыағаш сыяқты үш тағанға қадаған аспабы, қызыл ала кадасы, ақ қазықтары бар екен. Бұлар ашық жерді өлшей бастады.

Пионерлер бұл адамдарды әуелі алыстан бақылап тұрды да, сонан кейін өздері де байқамастан, бірте-бірте жуықтай келіп олармен амандасты, сөйтті де ақыры не болатынын сұрасты.

Ұзын бойлы кісі, балаларға бұл ашық жерге үлкен трактор заводы салынатынын түсіндірді. Ол бас инженер екен.

— Завод сонау нақ Волга жағасынан,— деді инженер,— мына Мамай қорғанына шейін созылмақ... Ана жерге парк отырғызылады, бұл жерлерге тұрғын үйлер, Мәдениет сарайы, мектеп салынады...

Өзеннің тақыр жағасын айнала шағалалар безек қағып ұшса, инженердің айтуы бойынша, жаңа қаланың асфальт төселіп тактайдай тегістелетін болашақ орталық алаңында бір қора сыйыр танаулары пысылдап ештеңемен ісі жоқ көк бетегені жайпап жүр.

Бір аптадан кейін әлгі бос жағаға адамдар толып, думан қыза бастады. Қаладан жұмысшылар тасыған жүк автомобильдері мен бөрене, тақтай, кирпич, цементті кеспектер тиелген жүз-жүздеген көліктер толассыз ағылып келіп жатты.

Инженерлер мен бригадирлер өздерінің көмекшілерін ертіп алып, жоспарларын бір-бірімен салыстыра жүріп, болашақ цехтардың, үйлердің, көшелердің орнына белгі қазығын қағады.

Қазықтар теп-тегіс жұмырланған, олардың аппақ басы көк шөптің арасынан көзге тез шалынады. Бір қазықтан екінші қазыққа жіңішке жіп желілер тартылады да, көп ұзамай-

ақ Волга жағасынан бастап қаланың нақ шетіне дейінгі ашық жер қым-қыйғаш торланып, олардың араларынан кең көшелердің сорабы көрінеді.

Жолға жуық бір жерден бас инженердің шатыры орнады. Оған телефон желісі мен электр сымдары тартылып та жатыр.

Бас инженер стол артында отырып жоспардан басын көтерместен бригадирлерге:

— Номер бірінші квадрат — құю цехі, номер екінші квадрат — Мәдениет сарайы болады...— дейді.

Бригадирлердің арасында ағайынды Петровтар — Александр мен Сергей және Варвара Михайловнаның інісі — Ваня ағай да болатын. Бұлар шатырдан шыққанда, оларға әуелі өзінің комсомол бригадасымен келіп тұрған қарындасы Оля, онан кейін немересін құндақтап қолына көтерген Варвара Михайловна ұшырасты. Бұл құндақтағы Александрдың ұлы — Петя еді, ол жуырда ғана бір жасқа толған; көзі күнге шағылысып ол шүңірейе күліп әкесіне ұмтылады.

— Апа,— деді Александр, ұлын қолына алып,— мұны мұнда несіне әкелдіңіз?

— Несіне әкелдіңізін қалай? — деп мыйық тартты Варвара Михайловна.— Ау, Бар семьямыз осында келгенде, ол қайда болмақ?..

Осы күннен бастап Петровтар семьясының мүддесі, Царицындегі мындаған өзге семьялар сыяқты, сталиндік бесжылдықтың тұңғыш перзенті, болашақ Трактор заводының мүддесімен қат-қабат қалыптасты.

Сонымен Волга жағасында болашақ үшін күрес майданы қызды. Кісілер жерді күрекпен, қайламен, машинамен де қазып жатты. Күн батқаннан былай қарай прожекторлар, маздап жанған оттар жарық берді. Бұл жарықтар түн қараңғысының өзін Волганың ту сыртына, сонау аулақ далаға түріп тастады. Жер бетін айғыз-айғыз терең шұқырлар қарақошкылдады. Сөйтіп көп ұзамай-ақ тап бір бәсекелескендей сол терең шұқырлардан, біресе әне жерде, біресе мына жерде бетон бағаналар, болат аркалықтар, металды құрылыстар бой тастап көріне бастады.

Тағы да біраз уақыт өткеннен кейін-ақ болашақ цехтардың, үйлердің, көшелер мен алаңдардың әлпетін аңғаруға болар еді.

Сонан бері бірнеше жылдар ғана өтсе де, міне Волга жағасында зәулім үйлермен, жас парктермен, асфальт көшелермен, кең алаңдармен қоршалған алып трактор заводы өсіп шықты. Бұл жаңа қала қанатын жая-жая келіп ескі Царицынмен ірге қосты.

Міне, енді жаңа заводты жүргізуді салтанатпен бастайтын күн де жақын қалды.

Бұл күні конвейерден «СТЗ» — Сталинград трактор заводы — маркасымен ең тұңғыш трактор шығуға тиісті.

Мұның өзі бүкіл халықтық мейрам болатын. Өйткені Сталинград трактор заводын салысуға бүкіл ел көмектескен. Москва мен Ленинградтың, Украина мен Уралдың жұмысшылары Сталинградқа арнап станоктар мен машиналар жасаса, оған Белоруссия өзінің ағашын, Қаратеңіз маңы — цементін жөнелтіп жатты. Сибирь мен Қазақстан, Грузия мен Қыйыр Шығыс Сталинградтың трактор заводы құрылысына өздерінің ең тандаулы адамдарын жіберіп отырды.

Бұл мейрамға адамдар поезбен де, кемемен де, самолетпен де, автомобильмен де тұс-тұстан келіп жатты.

Ертемен Белоруссиядан поезбен Рузаев келді. Варвара Михайловна мен Рузаев күндіз, аэродромда Өзбекстаннан самолетпен ұшып келген Тұрғынбаевты қарсы алды.

Әуелі бұлар оны танымай қалды. Бұлардың алдында бұрынғы жыртық-жыртық мақталы шапан киген бұйығы адам орнында ақжарқын, қатып киінген адам, Ферғана каналының маңдай алды құрылысшысы Тұрғынбаев тұрғанды. Мұнан соң бұлар осы тобымен асыға пристаньға жөнелді де, онда кемемен келіп түскен Бакланды қарсы алып, оны кезек-кезек қатты сүйді.

Бұл келген меймандарды Варвара Михайловна түгелімен өз үйіне ертіп келді.

— Асыл ана, — деді Тұрғынбаев, — қымбатты менің достарым! Мен сіздердің бәріңіздің біздің Өзбекстанға, Ферғана каналының ашылуына келулеріңізді өтінемін. Асқар биік таулардан бастап біздер нағыз құлазыған шөл далаға шейін канал қаздық. Енді су өмірі болмаған жерге асыға жететін болады. Сөйтіп өмірі қылтанақ шықпаған қу тақырға енді тамаша мақта өседі. Қымбатты менің достарым, келулеріңді қатты өтінемін, келіңдер!

— Токтаныз, токтаныз! — деп кес-кестеді оны Баклан. — Ең алдымен осы отырған баршаныз біздің Запорожьеге, менің заводуға келуге тиістісіздер. Біз дәл бір айдан кейін тұңғыш комбайнды бермекбіз. Бұл — тегін машина емес, бір ғаламат: егінді өзі орады, өзі бастырады, тек дәнді қанарлауға үлгір!

— Бұл қалай болар екен? — деп өкпелеп қалды Рузаев. — Ал, сонда менің колхозыма қашан келмексіңдер? Біздер батпақты жерлерді құрғаттық, біздер жаңа мектептер салдық. Біздер бүкіл аудан болып ауыз толтыра мақтауға тұратын алма бағын отырғыздық.

Мейрам күні ертемен сан мың адам туларды, Ленин мен Сталиннің портреттерін жоғары кө-

теріп, оркестрдің әуенімен, әндете көшелермен заводқа қарай ағылды.

Варвара Михайловна немересімен келеді.

— Әже, — деп сұрады кішкентай Петя, — бүгін әлде Бірінші май ма еді?

— Жоқ, — деп жауап қайырды оған Варвара Михайловна, бүгін Бірінші май емес, бірақ өте үлкен мейрам. Сталинградтықтар Сталинге берген сөзін орындап шықты... Бері келші, жоғары көтерейін, бәрін көресің!

Цехтың нақ ортасындағы көтеріңкі жерде трактор тұр. Ол бір ғана кесек металдан құйылғанға ұқсайды. Бозғыл сырмен сырланған сұсты корпусында «СТЗ» деген марка күмістей жалтылдайды.

Нағыз салтанатты шақ басталды. Ренінде қуаныш ойнаған жас тракторшы толқып кеп рульға отырды.

Бір жұмысшы тракторға жақын келді де, лып еткізіп тұтқаны бұрап қалды. Тыныштықта мотор гүр етіп, ырғағынан айнымай тіл қатты. Әлгі жұмысшы шеттей берді де, тракторшы тұтқаны ұмтылтысымен Сталинград трактор заводының бұл тұңғыш перзенті конвейерден алға ұмтылды.

Осы кезде оркестр да саңқ етті, оның үнін бастырмалата «уралаған» мың сан дауыс аспанды жаңғыртып жіберді. Оған жылдамдата жөнелген тракторды қарсы алып айғайлаған алаңдағы дауыстар ұласты.

Қаланың көшелерінде де оны сансыз «уралар» қарсы алып ұзатып салып тұр.

Тұңғыш трактордың ізімен конвейерден екінші, үшінші, төртінші... тракторлар жөнелді.

— Асыл ана, есінде ме, — деді емірене қуанған Тұрғынбаев Варвара Михайловнаға, — есінде ме, қыс болғаны, ашаршылық болғаны, күйзелу болғаны... Сталинге хат жолдағаның есінде ме... ол сонда саған көмектескен еді, ол біздің бәріміздің жауды жеңуімізге, күйзелуді жоюымызға көмектесті... Біздің онда мұндай тракторды арман етуге де мұршамыз болған жоқ. Бірақ сонда Сталин: «Тракторлар болады... Колхоз даласында сан мың трактор болады» деген еді. Міне, кетіп бара жатқан солар... Қараңызшы қандай сымбаттылар кетіп бара жатқанын! — Ол масаттана трактор колоннасын мезгеді. — Біздің даламызда мұндайлардың жүз мыңы болады, біздің бүкіл жеріміз гүл бақшадай жайнайды.

— Көктемдегі бақшадай, — деді Варвара Михайловна.

Ал, айналаны шат-шадыман қуаныш кернегені сонша, оны сөзбен айтып жеткізу мүмкін де емес.

Аударған М. Нұртазин.



Әңгіме

Сансызбай Сарғасқиев

Әңгіме

Осы Әшім қызық-ау! Ойсыз жерден бір нәрсені табады да жүреді. Кеше звено жыйынында ұнтақ дегенді шығарды. Кәдімгі ағаш ұнтағы ше, соны жыйнайық дегені бар емес пе! Жасыратыны не, сол арада өзін біраз сықақтап та алдық...

— Күле беріңдер. Бәрібір ұнтақ жыйнаймыз,— деді бедірейіп.

Балалар күліп, оның сөзіне көңіл аудармады.

Әшім ыңғайсызданып орнына отыра кетті. Жұқа бетінің ұшына қызыл қан ойнап, кішірек көзі жарқ-жұрқ етеді. Я, жарқ-жұрқ етті. Нансандар, оның дәл осындай кейпін алғаш көрдім. Рас, өткен жылы «Көктөбенің» шоқысына саяқатқа шыққанымызда, екеуміздің бір ерегіскеніміз бар-ды. Ол жолы талас жай сөзден шықты. Бірте-бірте кәдімгідей қызып, ақыры менің жеңілуіммен тынған. Ол жайды білгілерің келсе, айтуыма да болады. Кәдімгі жыланды бәрің де білесіңдер ғой. Қара шұбар жылан ше! І.и.!. Түрі де сұрықсыз-ақ! Әңгіме сол жыланнан басталды. Әшім тұрып:

— Сен қорқақсың! — деді.

Бұл сөзге шамданып қалдым.

— Мен бе? О, пәлі білгіш-ақ екенсің! — дедім кекете, иегімді шұлғый.

— Қорықпағаныңды қазір көреміз ғой,— деді ол сабыр тұта сөйлеп, баяу дауыспен.

— Көрсек көрерміз. Бәлкім өзің қорқақ шығарсың,— дедім мен оның сабыр тұтқанына шыдамым таусылғандай, қытығына тие мысқылдап.

Әшім жай жымың етті де, үндеген жоқ.

Бұл мені онан сайын шамдандырды.

— Е, солай ма! Е-е! — деп иығынан түртіп қалып, тілімді шығарып, көзімді сығырайттым. Нақ сол кезде менің түрімді суретке түсіріп алса, нағыз күлкі сонда болар еді. Кішкене шыдасандар, күлкінің көкесін естисіңдер, әлі!

Сонымен Әшімнің де шыдамын тауыстым-ау деймін. Ол маған қарап, түксие:

— Шының ба! Қорықпайсың ғой, ә? Кім қорқақ екенін қазір көрсетейін! — деді. Дау-

сынан ызалы ызғар сезіледі. Сол-ақ екен, осы сөзді күтіп тұрғандай-ақ бір жыланның дәл алдымнан қыя өтпесі бар ма! Ыршып түстім. Денем дір ете қалды. Жүрегім алқынып аузыма тығылғандай, тынысым тарыла, көзім алақтап, бозарып кеттім. Қорықпайтын неткен жылан, өзі! Тау бөктерін кесе созылып жатқан, тастақ соқпақ жолда не бар екен, оған! Әлгінде ғана шұбап өткен басқа балалар неғып байқамаған? Әлде ең соңындағы бізді күтті ме? Ирелең-ирелең етіп, дәл маған қарсы келе жатқандай болып көрінді. Даусымның қалай шығып кеткенін де аңғармадым. Әшім болса мәз-мәйрам. Біресе ішін басып еңкейе, біресе шалқая күледі. Осы да күлкі ме екен? Шынында да мұнда күлетін не тұр, солай емес пе, балалар? Айтыңдаршы әділетін!

Кенет ойына бір нәрсе сап етіп түскендей Әшім ытқый секірді де, шөптің арасына үңілді. Сөйтті де дереу, бірнәрсені аяғымен баса қалып, еңкейіп әлденелер жасады. Міне, қызық! Қолында әлгі жылан тұр. Жыйырылып айбат шеккенмен, сескенер Әшім жоқ. «Көрдің бе» дегендей қолын бұлғап-бұлғап қойып маған қарай жүрді. Өзі бір қызық жан. Сөйттіп те қорқыта ма екен адамды. Мен аулақтай қашып, көпке дейін қасына бармадым. Тіпті, жоламай қойған соң, ол жыланды қапшыққа салды да:

— Ал, енді кім қорқақ? — деді жайдары әлпетпен.

Үндей алмадым. Жасыратыны не, қысылып қалдым.

— Бұл жылан ғой... онда не тұр... өйтіп білу...— дей бердім қызарақтап.

— Енді не керек саған? Мұнан үлкенді көрсен, жүрегің ұшар,— деді Әшім.

Тағы да таласайын деп ем, аузыма сөз түспеді.

— Ешкімге айтпай-ақ қой, күліп жүрер,— деп жалындым оған.

Айтпайтын Әшім бе! Күтіп тұрған басқа балаларға қосыла бере-ақ, сарнады дейсің!

Көзі күлімдеп, жайраң қақты. Кәне, күлкі! Тіпті, мұғалімнің өзі де күліп:

— Сен осындай ма едің, Мұрат. Жаман жыланнан қорыққаның не? — деді.

— Өтірік... қорыққаным жоқ, — дедім сасқалақтап.

— Қорықпасаң, кәне ұстай қойшы, — деп аузымды бағып тұрған Әшім шап ете түсті. (Ойласам, көзіндегі ұшқын отты сол жолы шалып қалыппын).

Әшім қапшықтары жыланды көтере ұстап тұрды. Жүрексіне басып, қасына келдім де, ұстай алып ем, сұп-суық! Мұндай суық зат болмас, сірә! Бойым мұздап, шашым дір етіп тікірейе қалғандай болды. Тастай салдым. Тағы күлкі...

Сол жорықта жыланнан қорықпайтын болып қайттым, әйтеуір. Шынында да қорқатын дәнненесі жоқ екен. Кейбіреулер «тышқан, құрбақадан қорқамын» дейді. Бекер сөз. Өз бойынды игеріп, ұстамды болсаң, қорқатын түк те жоқ. Сонан бері Әшім қыйт етсең, соны айтады. Басқа сөз таппай қалғандай-ақ ескіні еске түсіре беретіні несі, осы?..

Мана көшеге футбол ойнауға шықтық. Өткен күзден бері ойнамағанға ма, әбден сағынып қалыппыз. Табанымыз да қатты қышыған екен, аяңғанымыз жоқ. Көктем петкен жақсы. Тұнық салқындау әуесі бойды жадыратып, көңілді желпігендей. Әнебір таудан төмен салбыраған қатпар-қатпар қара бұлт та бүгін көрінбейді. Шамасы тұра-тұра мезі болып, тайып кеткенге ұқсайды. Соның бүгін болма-



ғаны да жақсы. Әбден ойнап қалдық. Шұқыр-шұқырға үйірілген лайсаң суды талай рет шолп еткізіп кешіп те кеттік.

Әшім бұл жолы бізге қарсы жақтағы командада ойнады. Аянбай бақты. Қара терге малшынып, жүгіре-жүгіре әбден шаршады. Әрине, біз жеңілуші ме едік. Бұл жолы да жеңдік. Мен қақпадан үш доп өткіздім. Оңай емес!

— Қорқақ, бүгін батыр болып кетіпсің ғой, — деді Әшім ойыннан соң. Оның бұл сөзін естімегенсіп жүре беріп ем:

— Мұрат, тұра тұр, — деп дауыстады.

Ол қасыма келгенше сәл бөгеліп:

— Я, не дейсіз? — дедім мұрнымды шүйіре. (Жеңгендікті осылай көрсетпесе, Әшім сезбейді де).

— Сен қазір қайда барасың? — деді ол.

— Үйге.

— Онда не істейсің?

— Бүгін демалыс... кітап оқыймын.

— Менімен бірге қазір фермаға барасың ба? — деді.

— Фермаға?!

— Я. Алыс емес қой, барып қайтайық.

Мен тауық фермасына шақырып тұр екен деп:

— Кеше бардық қой. Күнде-күнде не бар? — деп ем.

— Жо..жо, — деді басын шайқап. — Шошқа фермасына барайық. Онда қазір Жамал апай жұмыс істейді. Мен әнеүгүні барып қайттым.

Анығында, мен әлі шошқа фермасында болмаған едім. Қол бос, оның үстіне қыйылып шақырып тұр, неге бармасқа!..

Біз фермаға келгенде шошқаларды тамақтандырып жатыр екен. Қәдімгі әп-әдемі таза ыдыстарға белгілі мөлшермен салынған тамақты ақ қардай халат киген бір-екі әйел шошқаның алдына апарып қойып жүр. Қора қандай таза деші!

Кірсең шыққын келмейді. Әрі жып-жылы, әрі жап-жарық. Әр шошқаның арнаулы орны бар екен. Тіпті, көзге түсерлік қыйқым, лас зат көрінбейді. Кейбіреулер екен ғой, салаксыйтын... Ең қызығы торайларды емізу көрінеді. Жұп-жұмыр, тығыршықтай ақ торайлар, енесінің емшегіне кенедей жабысып, тырбаңдайды. Әшім:

— Жамал апай, ана екеуін қараңызшы! Бір емшекке таласып жатыр. Шамасы әлі өзіне меншіктіге үйрен-

беген-ау,—деп дауыстай сөйлесе, біресе маған қарай жымың қағып:

— Жүр, ұғып ал! Енді асқанаға барайық,— деді.

— Асқанаға?! Жоқ, қарным тоқ. Ұят емес пе,— деп тартыншақтап ем, ол сақылдай күліп:

— Қорықпа, қарның ашса ұялмай-ақ жеуіңе болады,— деп сүйрелей, әзілдеді.

Аумаған асқана. Тамақ салынған астаулар мен ыдыстарды ыстық сумен жуып, қатарлап үйген. Үлкен қазанда бұрқылдап бірнәрсе қайнап жатыр. Сұрауға батпап ем, Әшім жалмажан өзі түсіндірді.

— Міне, шошқаның тамағы осында әзірленеді. Мынау...

— Мұның бәрін қайдан білесің?

— Білгім келді, білдім,— деді ол қылмыңдап.

— Жоқ, айтшы.

— Жамал апай айтты.

— Біз келсек, бізге де айта ма?

— Әрине, қайта қуана қарсы алар...

Біз фермадан көлеңке ұзарған кезде қайттық. Өрістен қайтқан сыйырларды қуа жүріп, село ортасындағы мектепке қалай жеткенімізді де білмей қалыппыз. Осы арада мен үйге бармақ болдым.

— Әшім, сен кеше ұнтақ дедің ғой. Ол неге керек?

— Сен осынша аңқау ма едің, Мұрат. Шошқаның астына төселген ағаш ұнақтарын шынымен-ақ аңғармадың ба,— деді.

Шынында кергеніммен, назар аудармаған едім.

— Оны кеше неге айтпадың?

— Қызық екенсің! Аузымнан ұнтақ деген сөз шығып еді, жамырай күлдіңдер. Не айтар едім, сонан соң.

Оның сөзін көңліме ауыр алғаным жоқ. Шы-



нында, Әшім жақсы жолдас емес пе. Әрі көңілді, әрі ізденгіш, әрі айтқан сөзінде тұрады. Сен бесен нандырады, көрсетіп ұялтатынын қайтерсің! Кеше оның сөзіне күліп ем, бүгін оған риза болдым. Ертең бұған бәріміз де қосылып, қуана қостаймыз. Жақсы іске неге қуанбасқа!..

Арғы жай өздеріңе де белгілі шығар, енді көп сөйлемейін. Токетері, қазір біздің звено шошқа фермасына жиі барып тұрады. Онда шошқаға төсеуге таза ұнтақ, жас торайларға арнаулы жәшік жасап, малшыларға газет-журнал оқып береміз. Газет шығарысамыз. Не керек, іс көп. Быйыл алғаш емтихан тапсыратынымыз да есімізде!..

Айтар сөзін айта алмайды

Досан менен Калабай
Тенін тапқан дос еді.
Бір үйдегі баладай,
Тату-тәтті деседі.
Кешегі бір жыйында
Күтпеген іс жасалды;
Серік деген бір бала
«Жамандады» Досанды:
— Досан тіпті еріншек,
Әуес ылғый оңайға.
«Үйірмеге кел» десек
Дәлел табар қалай да...
Қалабай да досы үшін

Төнер еді Серікке,
Әттен, мұның өз ісі
Жібермей тұр ерікке —
Мүз айдында біреуді
Жылатқаны есінде.
Соны көрген Серікке
«Өзің жаман» десін бе?!
Пысық еді Калабай,
Сөйлейтұғын тайсалмай;
Қазір сәби баладай,
Отыр сөзін айта алмай...
Айт, кідірме! Сұрақ бер!
Өзіңді де сынап көр.

Арал ауданы.

ӘМІРАДИН ӘЛЕНОВ.

Бақытты балалық шақ

(Біздің советтік өміріміз туралы әңгіме)

Баланы дүниеге келер кезден бастап қамқорлыққа алу біздің социалистік өміріміздің заңы. Семейларымыздың ауқатты тұрмысы мен советтік медицина жас нәрестенің саулығына қызмет етеді. Мұның өзі мемлекетіміздің артықшылығына байланысты. Біздің мемлекет әрбір бөбектің ауруға шалдықпай, дені таза, ұзақ өмірлі болуына керек жағдайдың барлығын істейді. Соның арқасында біздің ұлы державамыздың халқы күн санап өсіп отыр. Георгий Максимилианович Маленков жолдас партияның XIX съезіндегі баяндамасында съезге дейінгі соңғы үш жыл ішінде ССРО халқына туу есебінен 9,5 миллион адам қосылғанын айтты. Осы миллиондаған адамның әрбірі келешектің қажырлы құрылысшысы болмақ.

Орыстың ұлы оқымыстысы Михаил Васильевич Ломоносов өз тұсында адамның өлімін жиі көріп отырып, оның Россия үшін қауіпті екенін күрсініп жазған еді. Егер жоғарыда айтылған балалар Октябрь революциясына дейінгі мешеу, патшалық Россия тұсында туған болса, сөз жоқ, олардың көпшілігі ана құрсағынан шығып, жер құрсағына кірген болар еді. Совет елінің балаларының ең үлкен бір бақыты: олар ұзақ өмірлі.

Қоғамымыз бөбектерді бір-екі жасар кездерінен бастап-ақ өнерге, артықша дағдыға баулайды. Жас бөбектер тіл ұғынар болысымен-ақ әдебиет, мәдениетпен таныса бастайды. Сендер

үш жастағы тақпақшы, әнші, бишілерді, текшеден әріп оқушыларды, үй қалаушыларды, ойыншық самолет, тракторлармен айналысып отырғандарды әр үйден-ақ көріп жүрсіндер. Өнер — біздің балаларымыздың өзегі.

Біреу оқып, біреу сауатсыз қалу деген бізде атымен жоқ. Мектеп барлық балаға ортақ ұя. Бала алатын білім, мектеп үйі, оның жарығы мен жылуы, басқа қажеттердің барлығы да мемлекет қаражатына түседі. Оқушылар лагерьі, санаторийі, қызықты өлкетану саяқаттары — үлкен бір тұрақты мемлекеттік шара. Демек, мемлекет-ана оқушылық дәуірде де әрбір баланы аялап, оның ұлғатты, қаблетті өсуіне мейрім жасайды.

Отанымызда бала өмірінің бақыттылығы ең алдымен оның тәрбиелену сыйпатында, қоғамдық тәрбиелік ішкі мазмұнында жатыр. Біздер жас ұрпақтарымызды таза коммунистік рухта тәрбиелейміз. Елімізде жеке семьялық тәрбиенің өзі де осы қоғамдық сыйпатта қалыптасты. Сендер жұмыссыздық, жоқшылық дегенді еш бір ауданымыздан көрмей өскендерің сыяқты, жеке бастың мүддесін қоғамдық мүддеден жоғары ұстау, күнкөріс қамдары сыяқтыны да білмейсіңдер. Сендер қоғамшылдыққа, кіршіксіз достыққа, адалдыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиеленесіндер, яғни адамзат қоғамының жоғарғы даму сатысына — коммунизмге қызмет ету рухында тәрбиеленесіндер. Жас отандастарымыз, сендер өмірде ең жоғары сапалы адамдар болмақсыңдар. Біздегі балалық шақтың шексіз бақыттылығы міне осында.

...Республиканың бастауыш, жетіжылдық мектептерінде оқушылардың талайымен кездесіп, сырласып жүрміз. Жаның рақаттанатын жайлар көп-ақ: Ой өрістері соншалық алысқа мезгейді. Талайының-ақ дәптерлері арасынан чех пионерлерінің хатын, Албания жерінің жапырағын, тіпті қытай лимоны өсетін топырақты да көргеніміз бар.



Алматыдағы 12-мектептің оқушылары кітапханадан көркем әдебиет кітаптарын алып тұр.

Суретті түсірген П. Редько.

Адам дүниесі мен табиғат дүниесін мұншалық кең шеңберде тануға ынтығу еш бір дәуірдің баласында болмаған еді. Сөйтіп, еліміздегі қазіргі дәуірде жас оқушы ұғымының масштабы да әлде қайда кеңіс тартты. Сендердің бақыттылығың міне, осында.

Совет семьяларының үнемі молшылыққа кенеліп, мейлінше рахат тұрмыс кешуі, қазір бұрынғыдан бетер жоғары ұран. Еңбекші бұқараның материалдық, рухани тілектері дәмсіз тағамды, дөрекі тігілген киімді, жайсыз салынған үйді қабылдамайды, нашар жазылған шығарманы қабылдамайды. Өміріміз эстетикалық талғау мектебіне айналды.

Не бір ұшан-теңіз мұқыйттарда да шек бар, ал, совет баласының бақытында ондай шек жоқ: бүкіл жарқын келешек сендердікі. Бүгінгі біздің ұрпақтан социалистік құрылысты сендер қабылдап аласыңдар. Өміріміздің заңды жалғасы — жас жеткіншектер, сендер үшін ертеңгі қажеттің барлығы елімізде бүгін жасалып жатыр. Халық шаруашылығының бойына ғажайып күш-қуат пайда болды, техника ғасыры есейіп жетілді, ақыл-ой кеңістігіне жер тұрмақ, марс ботаникасы да сыя бастады. Атом, сутегі қуаттары адам мүддесіне қызмет ету қарсаңында тұр.

Отанымыздың кең байтақ даласын оймен шолсаң да, сериялы кино тақылетті ғажайып суреттер көресің. Дон, Волга, Днепр, Ертіс, Терек бойларына ма, Урал, Алтай жоталарына ма, Каспийдің жағалары мен үстіне ме — қайда қарасаң да келешегіңізді айқын көресің. Болатын, түсті металлдың мың градустық жалынды өзені минут тоқтамай алға ағып жатыр. Сансыз текше-текше бөренелер, темір бетондар да, завод, фабрика жабдықтары мен ауылшаруашылық техникалары да, жібек, мақталар да суда баржалармен жүзіп, құрылықта платформалар үстінде алдағы мекеніне тартып барады. Егін тамырын қуалап су қанша жерге жетті! Қанша жер дән көлеңкесіне кірді! Бір кездегі балықшы баркастарын жұтқыш түпсіз Каспий үстіне қара: терең теңіздің нақ ортасына мұнай қаласы орнады. Ол қала өзінің келешек халқын сол толқын үстінде туып жатыр. Қазақтың Бетпағы ше?! Ол да әдемі көшелерге, үйлерге мекен болды. Ол да талай жас адамның туған ауданы атанды.

Жас достар, сендер социализмнің мұрагерісіңдер! Сендерге дейінгі тарихта ешбір ұрпақ халық дәулетіне мұрагер болып көрген емес. Ол біздің тұста, біздің елде, барлық дәулетке халық ие болған қоғамда ғана шындыққа айналды. Бұл шындық — Ұлы Октябрь Социалистік революциясының миуалы жемісі, марксизм-ленинизм идеясының жеңісі. Сендер ертең-ақ

осы гүлденген өмірде, осы ұлы идеяның жеңімпаз туы астында еңбек етесіңдер, табысымызды нығайта, молықтыра бересіңдер. Социализм сыяқты коммунизм де толық салтанат құрады. Сендер соны көрмек үшін жаралған артықша бақытты адамдарсыңдар!

Елімізде адам бақыты — адамның шексіз правосы заңды бекіді. ССРО конституциясының әрбір статьясы біздің сол шексіз правосымызды, яғни бақытымызды қорғайды. Салымды туып, зейнетті өсіп-өну, білім бұлағынан еркін сусындау, көңілді демалу, қоғам игілігіне машықтана еңбек ету жайлы жоғарыда аз да болса айттық. Сол правосымыздың бәрі де конституциямызда алтынмен жазулы. Біздің конституциямыз — дүниеде теңдесі жоқ ең демократияшыл конституция. Халық оны сондықтан да күн деп атаған. Оның шұғласы шашыраған жер — бақыттың ұясы.

Күрестен туған бақытымыз алдағы уақытта да дұшпандармен күрес үстінде бекініп, молығып отырады. Жаулар әлі аз емес. Олар адам бақытын соғыс өртіне күйдіруді тілейді, бар қазнаны тартып алмаққа ұмтылады. Жексұрын жаулар жер бетінде балалық шақтың бақытты болуына қарсы. Бірақ, оларды бұл тілектеріне жеткізбей ауыздықтайтын күш бар. Ол — бейбітшілік лагері, өмірсүйгіш халық бұқарасы. «Бейбітшілік туы берік қолда» деп, халық осы шындықты жырлап жүр.

Өкімет билеу ісіне тандалған халық өкілдерінің адал қызмет етуі біздің бейбіт еңбегіміз бен бейбітшілік сүйгіш саясатымыздың, бүкіл дамуымыздың кепілі болып та келеді, бола да береді. Алдымыздағы март — тағы бір салтанат көктемі болады. Еңбекте сыналған ең таңдаулы әке-ағаларың, ана-апаларың ССРО Жоғарғы Советінің депутаттары болады. Қызғалдақ шыр айлы жас өмірлерінің шуақтап өтуіне бапшылар, қамқоршылар — әне, солар. Оларға халқымыз бүкіл тағдырын, соның ішінде сәбилерінің тағдырын сеніп тапсырады. Сол үшін де оларды барлық адам сайлайды. Дауыс беруге жасың жетпесе мейлі, оларды сен де шын жүрегіңмен сүйесің. Өйткені, сен әрқашанда бақытынды сүйеге тиістісің.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі, талантты басшыларымыздың бір тұтас даналығы бізді алға бастап, Ленин — Сталин туы астында бақыт шыңына шығарады. Озық білім, озық тәрбие алып өсе беріңдер, жас достар! Сендердің бақытты балалық шақтарың бүкіл әлемге өнеге. Империалистер билеп-төстеп отырған капиталистік елдердегі бақытсыз балалар сендердің жарқын жүздеріңді көріп жылынады!

Хамит Ерғалиев.

Бақытсыз балалық шақ

(Капиталистер билеген елдерде)

Америкадағы Чикаго қаласының шеткі көшелерінің біріндегі мыжырайған үй алдына бір ерекше хабарландыру ілінді. Онда: «Төрт бала сатылады. Керек болса, осында келіп сөйлесіңіздер» деп жазылған. Үй алдында аштықтан әбден жадап-жүдеген, қол-аяқтары шидиген, үйелмелі-сүйелмелі төрт бала мен еңіреген ана отырды.

Бала — ата-ананың бауыр еті, үміт-сенімі ғой. Олардың өз балаларын сатуына себеп болған не? Ол — ауыр тұрмыс, жоқшылық пен аштық еді. Бұл төрт баланың әкесі Рей бұрын Чикаго қаласындағы заводтардың бірінде жұмысшы болып істейтін. Бірақ завод жабылды да, ол жұмыссыз қалды. Ол жұмыс іздеп, үлкен қаланы екі жыл шарлады. Талшық етер ешнәрсе қалмады. Балалары аштықтан қалжырап, өлер халге жетті. Ақырында әйелі Люсильмен кеңесіп балаларын сатуға ұйғарды.

Бұл жантүршігерлік оқыйға Американың «Юнайтед стейте — ньюс энд уорлд рипорт» журналында басылды.

Киер киім, ішер асы жоқ американдық еңбекшілері өз балаларын өлімнен сақтау үшін сатады. АҚШ-та балалармен сауда жасау қазір кең өрістеген. Балалармен сауда жасаудан байығандар да көп. Олар балаларды арзан бағамен сатып алып, жұмыс істетеді.

Мұндай жағдай қазіргі Америкаға өте тән, мұнда аяқ басқан сайын аштық пен жалаңаштықтан құр сұлдері қалған, балаларды кездестіруге болады. Олар жарық дүниеге келіп, аяғын апыл-тапыл басып жүре бастағаннан ақ өзінің ата-анасын құлдыққа салған, қатал, сұм өмірдің ызғарын сезе бастайды. Адам өмірінің ең жарқын кезі балалықтың қызығын көрмей, бойы өсіп, бұғанасы катпай көрдей қараңғы шахталарға түседі, темекі, ет, консерв заводтарында қабырғасы қайысып, қара терге малынып жұмыс істейді. Сонда тапқаны тамағына жетпейді. Бұларды Америкада «кішкентай құлдар» деп атайды. Қазір АҚШ-та қаршадайынан істеген ауыр жұмыстан ауруға шалдыққан 2,5 миллиондай бала бар.

Балалардың өздеріне де жұмыс табыла бермейді. Олар Нью-Йорк, Вашингтон, Детройт сияқты үлкен қалаларда топ-топ болып қайыр сұрап жүреді. Немесе көше кезіп, сыпырынды тасталған шұқырларды тіміскілеп, «жүрек жалғарлық» нәр іздейді. Міне, осы қатал тұрмыс, аштық пен қайыршылық жас балаларды ұрлық жасауға, қылмыс істеуге итер-

мелейді. Қазір АҚШ-та жыл сайын түрлі қылмыс істегені үшін бір миллиондай бала жауапқа тартылады.

Балаларды қылмысқа итермелейтін ауыр, қайыршылық тұрмыс қана емес. АҚШ-тың мектептері мен оқу орындарының өзі соғысқұмар, жас қылмыстылар тәрбиелеп шығаруға бейімделген. Осындай тәрбие жастардың санасын улайды. Оларды қылмыс жасауға мәжбүр етеді.

АҚШ-та, әсіресе негрлердің, негр балаларының көрген күні қаран. АҚШ-тағы 15 миллиондай негрлердің тұрмысы өте ауыр халде. Олар шын мәнінде сайлауға қатыса алмайды, заңнан тыс деп есептеледі. Американың еріккен қанішер сотқарлары негрлерді тапа талтүсте сабап, майып етеді, тіпті өлтіріп те кетеді. Бұл үшін сотқарларды ешкім жазаламайды.

Совет теңізшілері Портленд қаласында болғанда мынадай көріністің куәсі болған: енгезердей төрт жігіт бір негрді сабап жатыр екен. Бишара негр қанға боялып, киімі дал-дал болыпты.

— Бұл адамның жазығы не? — деп сұрады совет теңізшісі.

— Адам дейсіз бе? — дейді танданып американдықтар. — Бұл — адам емес. Оның негр екенін сіз көрмей тұрсыз ба? Олардың дандайсып кеткендігі сонша, ақ нәсілдермен қатар отырғысы келеді!

Міне АҚШ-та негрлердің көрген күні осы. Олар оқый алмайды.

Қалың қалталы капиталистер билеген барлық елдерде де еңбекші бұқараның, балалардың көрген күні осы. Капиталистер байый түсу үшін балалардың қаны мен сөлін сығып алып, ақша табады. Бірақ сол жас бөбектердің тұрмысын жақсарту үшін, оларды аш қалдырмау үшін көк тыйын да жұмсамайды.

Англияның астанасы Лондон мен Манчестр, Глазго сияқты ірі қалаларында панасыз балалар қыстың күндері аяздан қашып, көпірлердің астын, үй шатырларын паналайды. Олар аштықтан азап шегеді. Істейтін жұмыс жоқ, жейтін тамақ жоқ. Ал, ағылшын мектептеріндегі жағдай тіпті нашар. Жыл сайын балаларды оқытуға бөлінетін қаржы кеміп, мектептер саны азайып келеді. Уэльс түбегіндегі Тревор Джонс деген мұғалім Бирмингем қаласында болған мұғалімдер конференциясында былай

деді: «Мектептердегі санитарлық жағдай адам айтқысыз. Жүйрік аттар мен тазы иттерге біздің балаларымыздан артық жағдай жасалған».

Дүние жүзіндегі ең бай, сұлу табиғатты ел Италияда да балалар жағдайы да аянышты. Кішкентай итальяндықтар күн көру үшін қаршадайынан-ақ жұмысқа жалданады. Олар елдің оңтүстігінде 6 жасынан бастап майлы дақыл теруге қуылады. Мый қайнайтын шыжыған ыстықта бас көтерместен 11-12 сағат жұмыс істеп, 15-20 лир ақша табады. Бұған 200 грамдай нан ғана сатып алуға болады.

Отар және тәуелді елдердегі балалардың тартқан азабы мен қайғы-қасіретінің шегі жоқ. Осы жас мұңлықтардың аққан көз жасы телегей теңіз. Дүние жүзіндегі ең ескі, ежелден келе жатқан елдердің бірі Индияда миллиондаған жас нәрестелер ешбір жақсылық, жарық көрмей, артына құмырысқа құрлы із қалдырмай дүниеден өтеді. Индияда туатын барлық балалардың тең жартысы 15 жасқа жетпей қайтыс болады. Мұның үстіне жыл сайын 1 миллиондай бала тек аштықтан өледі.

Алжир мен Тунистегі, Конго мен Нигериядағы балалардың халі де осындай. Тунистің тоқыма фабрикасында болған бір француз журналисі «Юманите» газетінде мынадай бір сұмдық хабар жазды. «XX ғасырда мен күндерді көрдім — бұлар 6-8 жасар қыздар еді. Олар таң сәриден алдына корзинкалар қойып, шаң басқан қапас бөлмеде отырады да, нәзік саусақтарымен жібек піллесін аршыйды, шаң жұтып, көксау ауруына шалдығады... Бұл фабрикадағы 500 қыздың бірде-бірі не оқып, не жаза білмейді».

Ал, ел ішін соғыс лагерьлері мен түрмелерге толтырған Греция мен Испания сыяқты фашистік елдерде жас балаларды үлкен адамдармен бірге түрмеге қамайды, «панасыздар үйі» дейтінге әкеледі. Ал, бұл үйдегі балалардың халі түрмедегіден де жаман. Оларды бұршақпен, сасыған балықпен тамақтандырады. Бірақ, осы тағамның өзі жетіспейді. Грек халқы бұл панасыздар үйін «жас сәбилерді қыйнайтын тозақ» деп атайды.

Грецияда түрмеге қамалған мыңдаған саяси тұтқындардың балалары өздерімен бірге түрмеде өмір сүреді.

Көп балалар түрмеде туып, түрмеде өседі. Совет журналисі Л. Тюрина түрменің Пәпи деген кішкене тұтқынымен кездескенін жазады.

- Пәпи, сенің үйің қайда?
- Авероф түрмесінде.
- Сен қай жерде тудың?
- Авероф түрмесінде.
- Сенің мамаң қайда?
- Авероф түрмесінде.

Шынында Авероф түрмесі оның мекені еді. Ол сол түрмеде туды, өсті. 5-6 жасқа келгенше түрменің күңгірт, сұрғылт қабырғасынан, тор көз темір терезеден басқа ешнәрсе көрген жоқ. Греция коммунистік партиясының бас секретары, өткен жылы фашист жендеттер айуандықпен өлтірген Никос Белояннистің үш жасар қызы да қазір түрмеде өмір сүреді.

Капиталистер балаларды бақыттан, балалық шақтан айырып қана қоймай, олардың ата-аналарын да аяусыз қанайды. Тіпті олардан азаматтық праволарын да пайдаландырмайды. «Білімің жетіспейді, кедейсің» деген сылтаулармен сайлауға қатыстырмайды. Еңбекші халық өкілдері жоғарғы үкімет орнына сайлана алмайды. Сөйтіп еңбекші бұқараны алдап-арбап, сан түрлі кулық-сұмдықты қолданып өкмет басына өздерінің айтқанынан шықпайтын адамдарды сайлайды. Бірақ еңбекші халықтың саналылығы күннен-күнге артып келеді. Еңбекші халық түбі күні өздерінің де, балаларының да бақытына ие болатыны сөзсіз.

Ә. Жұмабаев



Индиядағы панасыз, қайыршы балалар.

Жақып неге
ұялды

Почташы

Мақтаншақ
Қарағай

Мысал

Қалың сумка асынып,
Шыйрақ басып аяғын,
Кіреді ол асығып,
Әр үйіне қаланың.
Күтеді оны сан адам,
Үйінде не кеңседе,
Сүйсіне оған қараған
Почташы қашан келсе де.
Келе жатса егер ол,
Біздің көше бойында,
Келетіндей шаттық мол,
Тұрам қарап жолында.

ҒАЛЫМ СЕЙТНАЗАРОВ
Қара қалпақ АССР-ы.

Бой созып күн сәулелі көкке қарай,
Бес түлеп бесіктегі жас баладай,
Ғажайып ну орманның арасында
Маңқылып тұрды өсіп бір Қарағай.
Бойында болмаса да алма, жүзім,
Сымбатты өзі сұлу, бойы ұзын.
Кекшитіп, тік ұстайды бұйра басын,
Тұрғандай түгел көріп жердің жүзін.
Орманның жұпарлы хош иісі аңқып,
Мас болып сол Қарағай кетті шалқып.
Бір кезде қасындағы көк Шыршаға
Тіл қатты сөйлемекке сырын тартып:
— Ей, Шырша, көршім едің сен бір
әсем,

Сенің де емес еді даңқың бәсең.
Айтайын көңілдегі бір сырымды,
Қош көріп, елтифатпен көңіл бөлсең.
Қарашы тал бойыма абайлап сен:
Ағаш жоқ менен бойы биік өскен!
Мұнан да көркемірек болар едім,
Әттең, тек оңашада жалғыз өсем!..
Бұл сөзді есітті де, күлді Шырша,
Күлді де, былай жауап берді Шырша.
— Қарағай көсеуге де жарамайды,
Ормансыз жерде жалғыз өсіп тұрса!

ӘМИРАДИН ӘЛЕНОВ


Арал ауданы.

Сабақ бітті.
Жақып үйге асырып
Келе жатып,
Талға қонған қарғаны
«Атып» еді,
Таяқ барып асылып,
Электр сым бүлініп-ақ қалғаны.
— Үйге келсе жарық жоқ, —
деп мамасы,

Телефонмен хабарлапты конторға.
Өткен кезде он бес минут шамасы
Аспабымен келіп жетті монтер да.
Электр шам жарқ еткенде бөлмеде
Мамасы да, інісі де қуанды.
Оқушының өзі айтсын.
Ал, неге
Қып-қызыл боп Жақып біздің ұялды.

ҚАБАС ӨКЕЕВ

Талдықорған



ЕКІ ӨЛЕЦ

Дәптерім

Атқызсам да талай таң,
Қолымнан түспес дәптерім.
Білім қорын молайтам,
Ашқанда әрбір беттерін.
Бұл — оқушы күнімнің
Көрсеткіші тақтасы.
Дәптерім — алған білімнің
Секілді сақтық кассасы.

Алматы облысы, Балқаш ауданы,
Қарой селосы

Қаламым

Бұлақтан алған о басын,
Арналы өзен секілді.
Қаламның оқып таңбасын,
Менің де санам жетілді.
Алғашқы рет сенімен,
Басталған игі қадамым
Өмірдей сен де менімен,
Бірге бол, досым, қаламым.

НҰРДӘУЛЕТ БАЙСЕРҚЕЕВ



Математиканы үйрен!

Математика ғылымы туралы жөнді түсінігі жоқ адамдардың бірсыпырасы оны адамның басын қатырып жалықтырып жіберетін, тіпті пайдалылығының өзі шамалы ғылым деп түсінеді, ондай адамдар былай тұрсын, тіпті мектеп оқушыларының кейбіреулерінің өзі, математиканы бірінші кластан бастап оқып келе жатса да, оны жөнді бағаламайды, ал математиканың кейбір тарауларын оқығанда, мұның өзі неге керек, қай жерде қолдануға болады деген сыяқты сұраулар береді. Мұндай сұраулардың орынды жерлері де бар: математикада тікелей қолданатын орнын көрсетуге болмайтын, сырт қараған адамға керексіз де болып көрінетін әрқыйлы түрлендірулер болатындығы рас, бірақ бұл тек үстірт қараған адамға ғана осылай болып көрінеді: сәулетті, әдемі үйді көріп таң-тамаша ететін адамдардың кейбірі ол үйді салу үшін топырақ та, тас та, құм да керек екенін ескермейді. Математиканың талай ғасырлар бойы жасап, алға басқан сайын өнделіп, сәулеттеніп келе жатқан ташама үйін қалағанда да талай адам еңбегі керек болған.

Математика — өте ерте заманнан келе жатқан ғылым. Ертедегі гректер математикадан басқа ғылым болады деп түсінбеген, бұл атаудың өзі олардың тілінде ғылым деген сөздің мағнасында қолданылған. Сөйтіп, ертедегі халықтар математиканы ғылым атасы деп білген.

«Басқа ғылымдар сыяқты, — дейді Ф. Энгельс, — математика да адам баласының практикалық қажеттерінен: жер учасқтарының ауданын, ыдыстардың сыйымдылығын өлшеуден, уақытты есептеуден, механикадан туған».


Бұдан былайғы жерде, астрономия, механика, физика, техника алға басып өркендеуімен бірге математика да дамып өркендеп отырған, бұл ғылымдармен және ол басқа да ғылым салаларымен байланысы, оларға тигізетін жәрдемі арта берген және ол ғылымдар математиканың алдына нақтылы мәселелер қойып, оның өркендеп, дамып отыруына себеп болған.

«Астрономия математиканың жәрдемінсіз өркендеп дамып алмайды», — дейді Ф. Энгельс. Сол астрономия тарихының бір мысалы мұны айқын сыйпаттайды. Уран планетасының қозғалысындағы кейбір шәркездікке қарап, астрономдар Ураннан алыс тұратын, оған әсер ететін басқа бір планета болу керек деген ойға қалған. Француз астрономы Леверрье бұл мәселені математика тәсілімен зерттеп, ондай планетаның барлығы былай тұрсын, оның әлемдегі орнын дәл анықтап көрсеткен. Сол математикалық есептеулермен анықталған орыннан телескоппен қарап, іздестіргенде, шынында бір планетаның барлығы әйгіленген, оны Нептун деп атаған. Бұл — бұл ма, мәселені зерттей келе, Уранның қозғалысындағы шәркездіктің себебі тек Нептун ғана еместігі анықталып, Нептуннан да әрі орналасқан тағы да бір планета болу керек деген жорамал туған. Міне, енді осыны іздеп табу үшін тағы да математиканы жәрдемге шақырып, есептеп көргенде, күн системасының қыйыр шетінде жаңа бір планетаның бар екендігі белгілі болған, оны 1929 жылдың аяғында телескоппен анықтауға мүмкіншілік туды. Сөйтіп, табиғат сырын ашқанда алғыр ақыл, жүйрік ойға математика бейне бір қанат, сенімді құрал болып табылған.



Алматыдағы 25-мектептің оқушылары Шамиль Иктисимов пен Саша Соколов алгебра есебін шығарып тұр.

Суретті түсірген П. Редько.



Тәжірибе үстінде.

Оқушылар Володя Токарев, Олег Мовенко, Гена Набоков қозғағышпен танысып тұр.

Суретті түсірген П. Редько.

Осы күнгі кең өріс алып, тамаша табыстарға ие болып отырған техника математиканың жәрдемінсіз алға баса алмайды. Жанадан машиналар, механизмдер ойлап шығарғанда, оларды құрастырып жасағанда бұл машиналардың, механизмдердің әрбір бөліміне қандай күш түсетінін, оларға басқа қандай талаптар қоюға болатынын алдын ала білу қажет, ол мәселелердің бәрін есепсіз, математикасыз шешуге болмайды. Мысалы, самолет жасау үшін оның қанаттары, пропеллері қандай болатынын, ол әрі жеңіл, әрі жылдам ұшатын болып, сонымен қатар әртүрлі ауа жағдайында орнықты болуын алдын ала есептеп білу қажет. Демек, математиканы қолданбай, самолет жасауға болмайды. Совет Одағының батыры А. В. Беляковтың мына сөздерін тегін айтылған

деуге болмайды: «Әуелгіде оғаш болып көрінсе де, авиацияда өзімді еліктіріп қызықтыратын — ең алдымен математика. «Шарықтап ұшу, «емін-еркін аспан кеңістігінде құлаш ұрып», «асқан ерлік, батылдық көрсету» — мұның барлығы тек романтикалық түсініктер ғана, олармен алысқа да ұша алмайсың, ұшсаң, қайта қонуыңның өзі қыйын. Түрліше есептеулер, таблицалар, формулалар, тригонометрия, астрономия, математикалық аспаптар, — штурмандық жұмыстың негізі, міне, осылар».

Әрбір сауатты адамның математикадан азды-көпті мәліметі болуы қажет екендігін ескертіп жатпаған күннің өзінде, мынадай жағдайды ұмытуға болмайды — қазіргі өркендеген тамаша техникамызды меңгеру үшін, оны толығынан пайдалана білу үшін адамдарымыз тиісті мамандықтарды үйренуге тиіс, ал көптеген мамандықтарды математиканы білмейінше үйрену мүмкін емес.

Математика неғұрлым кең түрде қолданылатын болса, солғұрлым оны жақсы білу керек болады. Бірақ есте болатын бір нәрсе — сендердің мектепте оқыйтын математикаларың барлық жағдайда да сол түрінде қолданыла бермейді. Әсіресе ғылым зерттеу жұмыстарында, техникада жоғары математиканы жақсы білу керек болады, ал оны білу үшін орта мектепте оқылатын элементарлық математикаға жетік болу керек.

Математиканың білімдік маңызынан басқа оның тәрбиелік мәні де үлкен. Математика есептерін шығару баланың қажырлы, жігерлі болып өсуіне себеп болады, оны ой еңбегіне төселдіреді, зеректілігін, тапқырлығын дамытады. «Біріншіден, математика адамның ақылын тәртіпке салады, логика жолымен ойлауға үйретеді. Екіншіден, математиканың практикада қолданылу диапазоны орасан кең. Қандай ғылымды оқып жүрсеңіз де, қандай жоғары дәрежелі оқу орнына түссеңіз де, қандай салада жұмыс істеп жүрсеңіз де, егер онда өзіңізден бір із қалдырғыңыз келсе, бұл үшін қашан да болсын математиканы білу қажет...» Москва-ның Ленин ауданы орта мектептерінің оқушыларының жыйылысында 1941 жылы 17 апрельде сөйлеген сөзінде Михаил Иванович Калинин осылай деген болатын. Оқушы жастар, әсіресе сендер, пионерлер мен комсомолецтер, Михаил Ивановичтың осы өсиетін ұмытпай, математиканы жақсы білуге ұмтылатын болуларың керек.

Д. Қуржашев

Алматыдағы 25-мектептің оқытушысы.



Париждік кішкентай қыз

И. Шамякин

Әңгіме

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

Эмма терезенің ызғарлы бетон табанына шынтағын тіреп, алақанымен жағын таянып тұр. Алдында зат орайтын қағаздан істелген қалың дәптер. Оның беттері өлеңге толы. Көп жолдары сызылған, енді біразы көлденеңдеп жанына жазылған. Қызығы, кішкентай қыз жаттап алғандай мүдірмей оқыйды. Қыз көзінен сорғалап аққан ыстық жастың дәптерге тамған әр тамшысы қағазды жандырып жіберетіндей...

Есіл-дерті өленде отырған қыз бала қарт Клодтың бөлмеге кіргенін сезбей де қалды. Шал заводтан жаңа келіп, май баттасқан комбинезонын ас үйге тастап, жұмыс істеп күреніткен салалы қолын жуған.

Екі иіні селкілдеп жылап тұрған қызға Клод ұзақ қарап қалды. Ақыры тағаты жетпей, жақындап келіп:

— Не оқып тұрсың, балам? — деп еркелете сұрады.

— Жозеф тағы бір орыс кітабын аударыпты.

— Жылама! Онсыз да төгілген жасың аз емес қой.

— Ағай, бұл кітап Зоя туралы. Зояның анасы қазір осы Парижде, бейбітшілікті жақтаушылардың конгресінде.

— Шын айтамысың? — Танданған қарт көзілдірігін киіп, дәптерді аша бастады. — Тану қыйын екен. Неткен түсініксіз жазу! Дауыстап оқышы, біраз тындайын.

Қыз оқый жөнелді. Зояның «Сталин өз постында!» — деп фашистерге берген жауабын оқығанда, қарт жұмысшы әлгі сөзді қайталап айтты:

— Я, Сталин өз постында. Сталин қашанда өз постында. Ол қазір де халықтардың бейбіт өмірін қорғауда. Орыстар содан бері қалаларын қалпына келтіріп, жаңғыртып та үлгірді. Ал, біздің министрлер жұмысшылар үйіне жарық та бере алмай отыр! Олар бір-ақ нәрсені ойлайды: жұмысшылардан қайтсек пайданы көбірек түсіреміз деп жанталасады. Бірақ заман өзгерген, мырзалар! Енді сіздермен басқаша сөйлесеміз!...

Көп ұзамай Эмmanın ағасы Жозеф те келді. Ол қарындасынан екі есе үлкен — жыйырмада, Эмма — онда. Бұдан жеті жыл бұрын, Эмmanın тіпті кішкентай кезінде, немістер әке-шешесін тұтқынға алған. Олар коммунистер еді, сондықтан фашистер үкім шығармай-ақ өлім лагерінде азаптап өлтіріпті. Бұл жайды балалар соғыс аяқталғаннан кейін білді.

Жозеф пен Эмманы әкелерінің досы қарт Клод қолына алады. Ол—өте қайырымды, мейірбан адам. Жетімдерді туған баласындай көріп тәрбиеледі. Әрине, Жозеф бірден-ақ өз күнін өзі көріп кеткен. Подпольщиктермен байланыс жасап, олардың қас дұшпандарға қарсы табанды қатал күресіне үлес қосты. Қазір ол коммунист партиясының мүшесі, партия газетінің қызметкері. Соғыс бітісімен орыс тілімен шұғылданып, екі жыл ішінде толық үйреніп алды.

Жозефтің коридордағы аяқ алысы, сөзі, әдеттегідей, алыстан естіледі.

Ағасы үйге қайтса, Эмма қашан да қуанып қалатын. Жозеф жүрген жерде көңілсіздік болмайды. Дүниедегінің бәрін білетін сыяқты. Әңгімесін қызықтырып айтатыны сонша, тыңдаған сайын құмарта бересің. Бүгін ол мүлде өзгеше күйде, ерекше көңілді. Кешкі тамақ үстінде Жозеф бейбітшілік конгресін әңгімелеп, «Юманите» газетіне басылған совет делегаттарының сөздерін оқып берді.

Зоя Қосмедемьянскаяның анасының сөзін Эмма ұйып тыңдады. Жозеф оқып болғанда:

— Шіркін-ай, сол кісіні бір көрсем! — деп күрсінді.

— Совет делегаттарын біз жексембі күні бейбітшілік жақтаушылардың демонстрациясында көреміз, — деді Жозеф. — Демонстрацияны ашушылар — фашистерге қарсы күрескен батырлардың балалары. Сондықтан сен алдың-



ғы сапта боласың, Эмма. Жақсы плакат дайында.

— Плакат? Қандай плакат? Мен оған не жазам?

— Оны өзін біл. Көңіліндегіні жаз плакатқа.

Эмма қуаныш құшағында түні бойы көз ілген жоқ. Зоя туралы ойлар ұйқатпайды... Мынау, міне қалың орман. Самсаған ақ ағаш. (Эмма нағыз орманды әлі көрген емес). Айналаның бәрі аппақ, ертегідегідей ғажайып. Бір қыз жүріп келеді. Қолында шырақ, шырақ жалыны қып-қызыл...

Эмма төсегінде бір аунап түсті.

Сонымен плакатқа не жазар екен, ә?

Оқығанын есіне түсіргісі кеп, көзін жұмды...

...Қара жүрек зұлым фашистер көйлекшең, жалаңаяқ Зояны қалың қарды омбылата айдап келеді. «Сталин қайда?» деп сұрайды олар Зоядан. «Сталин өз постында. Сталин қай кезде де өз постында. Ол қазір де халықтардың бейбіт өмірін қорғауда» деген қарт Клодтың сөзі түсті қыздың есіне. Ол елең етіп, қуанғаннан дауыстап та қалды: плакатқа жазатын жалынды сөздерін тапты; оны бейбітшілік демонстрациясында жоғары ұстап шығатынына шаттанды.

Таңертең бір бет қағазға «Бейбітшілік жолындағы күресі үшін Ұлы Сталинге алғыс айтамыз!» деп жазды Эмма. Осы қағазды Клодқа көрсеткенде, қарт жұмысшы қызын құшақтап тұрып:

— Көп жаса, қызым! Жыйынға барғанымда, менің де жүрегімде осы сөздер тұрар! — деді.

Қуанған Эмма құрбысы Жаннаға жүгіріп кетті. Жаннаның да әкесі фашистердің қолынан қаза тапқан, бірақ оның анасы бар. Олар да осы үйдің екінші этажында тұратын. Эмма ойындағысын жайып салды достарына. Жаннаның анасы қыздарға қызыл мата беріп, сөздерді өрнектеп, кестелеп жазындар деді. Қыздар іске ынтамен кірісті.

Олар жексембіні шыдамсыздана күтті, күндер көрген түске ұқсап өтіп жатты.

Көп күттірген күн де келді-ау, әйтеуір! Эмма мен Жанна балалардың алдыңғы шебінде, қаланың лас, тар көшесінен кең орталыққа шықты. Көше атаулы адам өзенінің толқынына, салтанатты, көңілді өзен толқынына көмілген. Жоғарыда күн нұрына шомылып, транспоранттар, плакаттар, тулар толқыйды. Эмманың бірінші көзі түскені жазулар еді, оқый бастады:

«Біз баянды бейбітшілік үшін күресеміз!»

«Американ оккупанттары елімізден қуылсын!»

«Француздар ешуақытта Совет Одағына қарсы соғыспайды!»

Ал, анаусы... Эманың денесі шымырлап қоя

берді. Мына сөздер дәл өздерінің плакаттарындағы сөздер. Оның ар жағында — тағы бір сондай транспорт. Тағы да... тағы да біреуі... Сан жетпейді — он, жүз... Эмма өкпелегендей, көзіне моншақтап жас келді: мұндай плакат Жанна екеуінен басқада болмаса екен деп еді ол; жас жүректің жалынды сөздерін бүкіл халық болып оқып, қуансын деп ойлаған еді. Кенеттен сондай сөздер жазылған плакатты ерлікпен жоғары ұстап, мыңдаған адам бүкіл Парижді (бәлкім бүкіл Францияны да) аралап келе жатқан шығар.

Осы кезде балалар колоннасын басқарып келе жатқан Жозеф қатты дауыстады:

— Қарашы, Эмма, дәл сендердің плакаттарындай қанша плакат бар! Өте жақсы! Жасандар, париждіктер!

Мұның, шынында да жақсы екенін, өкпенің орынсыз екенін, Ұлы Сталинге жалғыз ол емес, қалың халық ризалық білдіріп, жалынды сөздер арнағанына қуану керектігін Эмма түсіне білді.

Барлық адам ақжарқын, олардың жүздерінде жайдары, көңілді күлкі ойнайды. Тек анда-санда тротуарда таза киінген ызалы, түнерінкі мырзалар ғана кездеседі. Полицейлер де өшпенділікпен қарайды. Олар демонстранттарды қууға құштар болса да, осы жойқын күшті тоқтатуға дәрменсіз екенін Эмма біледі.

Демонстранттар «Буфелло» деп аталатын стадионға жақындады. Адам толы трибунаны Эмmanın көзі алыстан шалған еді. Солардың ішінен бір көрсем деп арман еткен адамын қалай айырар екен. Бөбек жүрегі лүп-лүп соғады.

Бірақ трибунаға тақай бере газеттердегі суреттері бойынша совет делегаттарын ол бірден таныды. Өне, Морис Торездің қасында ақ шашты, жас реңді, бойшаң келген жазушы тұр. Өне, өне Зояның анасы. Ол орамалымен көзін сүртіп, аналық мейріммен жымыйып, балаларға қол бұлғайды. Оған жауап ретінде бір ауыздан шыққан «Вива!» бар әлемді жанғыртқандай. Аяулы анадан Эмма көз алмайды. Ал, трибунаға жеткенде қолын созып, қатты-қатты дауыстап жіберді; көп баланың шуының арасынан қатты шыққан оның даусын трибунадағылардың бәрі естіді:

— Біз Зоядай боламыз!


Жозеф жалт қарады, көздері қуаныш отын шашып тұр; қарындасының сөзін ол орыс тілінде қайталап айтты.

Орыс тілінен аударған
І. МӘМБЕТОВ.



„Мерген“

Жарға шеге сарт етті,
От қаптады жаң-жақты



Бақырып барып жалп етті,
Жаралап алып бармақты.



Суреттерін салған Н. НЕСТЕРОВ
Сөзін жазған С. ҚАСИМАНОВ,
Шығыс Қазақстан облысы,
Күршім ауданы.

П. П. СЕМЕНОВ — ТЯН-ШАНСКИЙ

(Қайтыс болғанына 40 жыл толуына)

Балалар, ССРО-ның физикалық картасын алып қарасандар, еліміздің оңтүстігінде, Қытай халық республикасымен шекарада Қазақстан мен Өзбекстанның құмды шөлдерінен басталып, Қырғызстанды түгел қамтып жатқан орасан зор тау жоталарын көресіңдер. Ол — Қытайлар «Тәңірі таулары» деп ат берген Тянь-Шань таулары.

Бұдан 100 жыл бұрын Тянь-Шань таулары ешбір европалық аяқ аттап баспаған жұмбақ сыр еді. Ғалымдар Тянь-Шаньды жалын шашып, түтіні будактаған жанартаулардың жыйынтығы шығар деп болжайтын.

Ең бірінші рет Тянь-Шань тауларын зерттеп, құпия сырын әйгілеген ұлы орыс ғалымы географ Петр Петрович Семенов — Тянь-Шанский еді.

П. Семенов 1827 жылы Рязань облысының Урусово селосында туды. Әкесінен 7 жасында жетім қалған жас бала 13 жасқа келгенше үйінде, өз бетінше оқуға мәжбүр болды. Ол сол кездің өзінде-ақ өзінің туған өлкесінің табиғатын зерттеп әуестенді.

1842 жылы Семенов Петербургтегі әскери пансионға оқуға түсіп, оны 1845 жылы өте жақсы бітіріп шығады. Сол жылдан бастап Петр Петрович университеттің лекцияларына қатынасып, оқый бастады.

Университетті бітірісімен, 1849 жылы Семенов Орыс Географиялық қоғамына мүше болып алынады. Оның содан кейінгі өмірі Географиялық қоғаммен тығыз байланысты. Алғашқыда кітапханашының міндетін атқарған Семенов көп ұзамай секретарь, физикалық география бөлімінің председателі, ақырында, 1873 жылдан бастап өмірінің соңғы кезіне дейін Қоғамның председателі болып қызмет істеді.

1853-1855 жылдарда Семенов шет елдерде болды. Ол Тянь-Шань тауларына саяқат жасауға дайындалды. Жас орыс ғалымының өз мамандығын өте жетік білуі, тамаша ақыл-парасаты және теңдесі жоқ жігерлілігі Батыс ғалымдарын таң қалдырды. Тянь-Шаньның болашақ зерттеушісі Семенов онда Гарц, Вогез тауларына жаяу саяқаттар жасады; Франция мен Швейцарияға барып, Альпі тау мұздарын зерттеді, жанартаудың атқылауын бақылау үшін Везувийге 17 рет көтерілді.

1856 жылы Петр Петрович Тянь-Шань экспедициясына аттанды. Ол кезде Петербургтан Тянь-Шаньға — жетудің өзі оңай емес еді. Москваға дейін поезбен келген Семенов бүкіл Урал, Батыс Сибирьдің оң түстігін, Шығыс Қазақстанды ат жеккен тарангаспен кесіп өтті.



Семенов Тянь-Шанскийдің жас кезіндегі суреті.

Омскіде Семенов қазақ халқының тұңғыш ғалымы Шоқан Уалихановпен кездесіп, оның келешек ғылыми қызметіне үлкен жәрдем көрсетті. П. П. Семеновтың ақылымен 1858-59 жылдары Шоқан өзінің атағын шығарған Қашғар саяқатын жасады.

1856 жылы август айында Семенов Іле Алатауының баурайында орналасқан Верный бекінісіне (қазіргі Алматы) келіп түсті. Орнағанына 2 жыл ғана болған бекіністе приставқа арнап салған бір ғана ағаш үй бар екен. Сондықтан саяқатшыға кигіз үйге түнеуге тура келді.

Сентябрь айында Петр Петрович бекіністен қарулы казактар ертіп, Ыссықкөлге саяқатқа аттанды. Іле Алатауын бойлап, шығысқа қарай беттеген жолаушылар тар шатқалдармен, тіп-тік құзға төнген қауіпті соқпақтармен жүріп отырды. Кей жерлерде аттарды жетекке алып, жүкті арқалап жаяу жүруге де тура келді. Әсіресе ағыны қатты тау өзендерінен өту үлкен қауіп туғызды. Ыссық өзенінен өткенде су астындағы тасқа сүрініп кеткен атты ағыс алып жөнелді де, ат үстіндегі қаза

өзеннің ортасындағы шоңғал тасқа секіріп шығып үлгіргендіктен ғана аман қалды.

Верный бекінісінен Ыссықкөлдің шығыс жағасына дейін Семенов бір жеті жүрді. Саяқатшының көз алдында ұзындығы 180 километрге жететін, орасан зор тау көлі жарқырап жатты. Түстігі мен терістігін қоршаған биіктігі 5-6 мың метрге жететін алып шыңдар көлге ерекше көркем түс беріп тұр.

Тереңдігі жөнінен Ыссықкөл елімізде Байқал мен Каспийден кейін үшінші орын алады. Ыссықкөл деп аталу себебі — ол қыста да қатпайды.

Ыссықкөлдің пайда болуы туралы халық аузында мынадай аңыз бар.

Ерте заманда көлдің орнын қаһарлы ханның елі жайлапты, ханның құлағы есекгің құлағындай мейлінше ұзын, қалқыйып тұрады екен. Хан оны халқынан жасырыпты. Сырын ешкім білмес үшін, хан шашын алдырғаннан кейін, шаштаразды өлтіріп тастайды. Бір күні кезек өзінің ақылдылығымен халыққа аты шыққан, епті жас жігітке келеді. Қылығымен ұнаған жас жігітті өлтіруге қыймай, екінші жағынан халықтан қауіптенген хан, оны өзіне жақын жәрдемші етіп алады да, жасырын сырын ешкімге әйгілемеуді тапсырады. Жігіт ханның сырын көпке дейін жасырып жүреді, бірақ, ақыр аяғында шыдамы таусылып ешкімге естіртпес үшін те-

рең құдыққа басын тығып жатып, «біздің хан есек құлақ, біздің хан есек құлақ»,— деп сыбырлайды. Жігіт осы сөзді айтысымен құдықтың суы тасып шығып, рақымсыз ханның елін түгел басып кетеді. Сөйтіп, Ыссық-көл пайда болыпты-мыс.

Шығыс жағын зерттеп болғаннан кейін, Семенов Ыссық-көлдің батыс жағын зерттеуге барады. Бұл жерде ол ірі географиялық жаңалық ашады. Батыс еуропа карталарында көрсетілгендей Шу өзені Ыссық-көлден басталмай, одан батысқа таман жатқан бір тау аңғарынан ағып шығатынын анықтайды.

Осы сапарында Семенов Іле Алатауын жайлаған қазақтар арасындағы жанжалды шешуге қатынасады. Оқыйға былай болған еді. Жас қыз малға сатқан жеріне барудан бас тартады. Мал берген жері бұл оқыйғаны өмірде қазақ арасында болып көрмеген сұмдық деп тауып, жанжалға шығады. Бірақ, жергілікті орыс әкімшілік орындарының қатты талап етуімен іс билердің сотында қаралатын болады. Сотқа екі жақтан үш-үштен би белгіленеді. Осы дауда төбе би болып П. П. Семенов сайланады,— жас ғалым жергілікті қазақтар арасында өзінің әділ және ақылды адам екенін таныта білген еді.

Сотта жас қыздың өзінің бас бостандығын батыл қорғауы жыйналғандарды түгел таң қалдырады.

Семенов қызды құтқарып жібереді де, дауласқан екі жақты әділ билік айтып, риза қылып таратады. Бірақ, Петр Петрович Қазақстанда әйел бостандығы үшін бірінші болып күреске түскен ер қыздың есімін атамайды. Қыздың кейінгі тағдыры да мүлдем белгісіз..

1857 жылы июнь айында Семенов көп қыйындықпен Зәуке асуына шығып, бірінші рет Сыр-Дарья өзенінің бастауларын ашты. Келесі жолы ол Тянь-Шань тауларының орталығын көктеп өтіп, Сарыжас асуына шығады. Асудан қарағанда 30 дан артық қарлы шыңдар көрінеді. Оның ішіндегі ең алыбы — соңғы уақытқа дейін Тянь-Шаньның ең биік шыңы деп саналып келген биіктігі 7000 метр шамасындағы Хан-тәңірі шыңы еді.

1931 жылы совет альпинистері бірінші рет Хан-тәңірінің басына шықты. 1943 жылы альпинистер Тянь-Шаньның ең биік шыңы — Жеңіс шыңын алды. (Биіктігі 7440 метр).

1857 жылы ноябрьде Семенов Тянь-Шань саяқатын аяқтап, Верныйға қайтып оралады. Онда көп кідірмей Петербургке жүріп кетеді.

П. П. Семенов Тянь-Шань саяқатында алға қойған міндеттерін түгел орындап қайтады.

Петр Петрович Тянь-Шаньға өткен бірінші саяқатшы ғалым болды. Ол Тянь-Шань тау жүйесі туралы географиялық ілімнің негізін салды; неміс географы Гумбольдтің Тянь-Шаньда жанартаулар бар деген пікірін теріске шығарды; Тянь-Шаньда тау мұздарын ашты, бірінші рет Ыссық-көлді зерттеп жазды, Шу өзенінің бұл көлден басталмайтындығын дәлелдеді, бірінші рет Сыр-Дарья өзенінің бастауын тапты, жануарлар мен өсімдіктердің ондаған жаңа түрлерін ашты.

Кейіннен, Тянь-Шань саяқатына 50 жыл толу құрметіне ұлы ғалым — Тянь-Шанский деген ат алды.

Петр Петрович тамаша саяқатшы, даңқты географ. Географиялық Қоғамның көп жылғы басшысы ғана емес, сонымен қатар ірі қоғам қайраткері еді. Ол 1861 жылы шаруалар реформасын жасауға қатысты. Россияда бірінші рет мемлекеттік санақ жұмысын жүргізуді ұсынды. Семенов — Тянь-Шанскийдің талабымен 1897 жылы Россияда бірінші рет халық санағы жүргізілді.

П. П. Семенов — Тянь-Шанский Россия Ғылым Академиясының, Көркемөнер Академиясының, Географиялық Қоғамның, Саратов университетінен басқа барлық орыс университеттерінің, көптеген шет елдік ғылыми қоғамдардың құрметті мүшесі болды.

Петр Петровичтың туғанына 100 жыл толуы құрметіне ССРО Халық Комиссарлар Советінің қаулысы бойынша Ленинградтағы ұлы ғалымның тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды. Географиялық Қоғам Азия елдерін зерттеуде айрықша еңбек сіңіргендерге берілетін П. П. Семенов — Тянь-Шанский атында медаль тағайындады.

П. П. Семеновтың есімімен көптеген тау шыңдары аталады. Хан-тәңірінің басында «Семенов мұзы» деген ірі тау мұзы бар.

Петр Петрович Географиялық Қоғамды басқара отырып жер жүзіне атағы шыққан Пржевальскийдің, Миклухо-Маклайдың, Роборовскийдің, Козловтың және басқа көптеген орыс ғалымдарының саяқаттарын тікелей ұйымдастырушы болды.

Петр Петрович Семенов — Тянь-Шанский 1914 жылы 88 жасында бірінші дүниежүзілік соғыстың аз-ақ алдында қайтыс болды.

Семенов — Тянь-Шанскийдің есімі пионерлер мен мектеп оқушыларын өз өлкесін зерттеуге, отанға аянбай қызмет етуге шақырады.

Ә. Бірмағамбетов.



Семенов — Тянь-Шанский зерттеген Ыссық-көлдің көрінісі.



Биік таудағы катоктың жалпы көрінісі.
Солдан оңға қарай: Х. Щеголеева мен В. Сахаров.

ТАУ БАСЫНДАҒЫ КАТОКТА

— Алатаудың биік бір қойнауында каток салынып жатыр! — деген хабарды естігенде сонау Свердлов қаласындағы Римма қасындағы құрбысын құшақтап қысып-қысып алған еді. Бұл — қуаныш белгісі болатын. Ол сонша неге қуанды! Өйткені бұл қуаныштың орны бар еді.

Тау басындағы биік катоктың жай катоктан көп артықшылығы бар. Жай катокта 400 метр қашықтықты 40 секундте өткенде конькишіні бөгейтін ауаның қарсылығы үш килограмға тең екендігі анықталған. Каток неғұрлым биік болса, солғұрлым бұл қарсылық аз болады, конькиші солғұрлым уақытты үнемдеп, жылдам жүгіреді. Алматы катогы — дүние жүзіндегі ең биік катоктардың бірі. Каток теңіз бетінен 1650 метр жерге, Кіші Алматы шатқалының бойында салынған. Бұл — Совет Одағында тау басындағы бірінші каток.

Катокты үш жағынан қоршаған тау жел өткізбейді. Айдының беті конькиді тұтқырлайтын ешбір қоспасы жоқ, мөлдір тау суымен тегістеліп тұрады. Айнадай таза мұз, желдің жоқтығы конькидің сырғанауын онан әрі жақсартып түседі. Бұл араның ауасы да таза, дару ауа.

Каток 1951 жылы январьда дайын болды. Катоктың салтанатты ашылу күні катокта ең алғашқы жол ашу құрметіне Алматы мектептерінің оқушылары — жас конькишілер Римма Ганшина мен Тамара Андрейченко не болды.

Содан бері үш жыл өтті. Үш жылда Алматы катогы талай жеңістердің, совет елі даңқын көтеретін дүниежүзілік, бүкілодақтық, республикалық рекордтардың орталығына айналды. Алматы халқының көңіл көтере-

тін, меркелі орнына айналды. Алматы катогында өткізілген жарыстар отандық спорт тарихына талай алтын беттер қосты. Совет конькишілері Алматыда дүниежүзілік рекордтар кестесін түгелдей дерлік жаңартып шықты. Қазір Совет Одағы коньки өнері жөнінде әйелдер жасаған алты дүниежүзілік рекордтың бесеуіне, ал еркектер жасаған жеті рекордтың төртеуіне ие болып отыр.

...1954 жыл. Январь. Тау басындағы катоктың маңындағы адам иін тіреседі. Осыншама халықтың назарын аударғандар анау мұз айдыны үстінде сапқа тұрған конькишілер. Бұлардың көбін халық өз көзімен осы катокта көрген, олардың табыстарының кепілі болған. Сапта Отанымыздың 80 қаласынан келген елуден астам конькиші тұр.

— Анау дүниежүзілік чемпион Халида Щеголеева!

— Лидия Селихованы қара! Ол да дүниежүзілік чемпион!

— Мынау дүниежүзілік рекордшы Римма Жукова!

— Мынау жап-жас кім екен? — дейді Пәрімбек Валентин Радышевцевті көрсетіп.

Халық атақты конькишілерге ғана сүйсініп қарамайды, жаңа ғана жарысқа түскелі тұрған жастарға да үміт көзімен қарайды. Кім білген: сонау жаңа келген бірінші разрядшы бүгін шеберлердің қатарына қосылар! Өткен жылдардың тәжірибесі солай! Талай жастар спорт шебері, чемпион, рекордшы болып қайтқан.

Жарыстың алғашқы күні де солай болды. Жарыста Горький қаласының өкілі — жас дәрігер-хирург Владимир Сахаров жеңіп шықты. 500 және 1500 метр қашықтықтан озып келген Ленинград студенті Анатолий Ти-

тов екінші орынға ие болды. Ленинград мектебінің оқушысы Валентин Радышевцев 5000 метрге жүгіруден уақытты шебер үнемдеді. Көптеген жас конькишілер ССРО спорт шебері нормасын орындап шықты.

Әйел конькишілердің жарысы халықты аса қызықтырды. Бұл жарыстарда москвалық оқушы Халида Щеголеева үлкен-үлкен табыстарға ие болды. Өзі әлі жас болса да, спорттық өмір баяны қысқа болса да, талай рет халықаралық кездесулерге қатысты, елеулі табыстарға жетті.

Өткен қыста Щеголеева спорт шебері атанды. Сол жылы қыста елімізде бірінші орын алу жарысына қатысып, тұңғыш рет тау басындағы катокқа шықты. Бірінші қадам бірінші жеңіс әкелді. Халида 1000 метрге жүгіруден ССРО чемпионы атанып, бір алтын медаль, үш күміс медаль алды. Осы жолы ол 1500 метрге жүгіруден дүниежүзілік рекорд жасады. Арада бірнеше жеті өтпей-ақ Х. Щеголеева шетелдегі жарыста дүниежүзілік чемпион атағына ие болды. Міне, енді сол Халиданың алғашқы табыстарының куәсі — алматылықтар оған құмарта қарайды. Бір жыл ішінде жас спортшының шеберлігі арта түскен.

...3000 метрге жүгіру. Дүниежүзілік чемпион бұл жолы тулалық конькиші Вера Постниковамен бірге шықты. Жарыс қызу басталды. Жұрт шыдай алмай орындарынан тұрып кетті. Халида алғашқы 200 метрді 22,7 секундте өтті. Алда әлі 400 метрлік 7 айналыс бар. Щеголеева серпінді кең адыммен келеді. Оның сырғанауы жеңіл, әрі әдемі. Халиданың қыймылынан жете жаттыққандық, сенім, жігер табандылық аңғарылады. Оның қарқыны бір бәсеңдемейді. Соңғы айналыста да алғашқы екпінінен жаңылмай фиништен бірінші өтті. Жыйналған халық бір кісідей тына қалып радиоға құлақ тосты.

— Халида Щеголеева 3000 метрді 5 минут 9,2 секундта өтті. Дүниежүзілік жаңа рекорд жасады.

Халида бұрынғы рекордтан 4,2 секунд бұрын келді.

Әдетте спортшы бұрын жасалған рекордтан бір-екі секунд асу үшін де жылдап әзірленетіндігін еске алсақ, Халиданың бірден 4 секунд арттырған рекордының соншалық елеулі табыс екенін ұғу оңай.

Келесі күні-ақ орталық газеттер жас спортшының суретін басып, лайықты баға берді.

Халида мұнымен де қанағаттанып қалған жоқ. Ертеңінде ол екі рекорд жасады.

Микрофон алдында Х. Щеголеева:

— Бұл табыстар әлі шек емес. Бұдан да асыруға болады, — деді.

Оның тренері М. Соколов бүкіл халық тілегін білдірді:

— Осындай «Щеголеевтер» көбейе берсін!

Елімізде мұндай «щеголеевтердің» көптеп өсіп келе жатқаны да рас. Тек олардың фамилиялары әртүрлі демесең, бұлар да Халида сияқты совет жастарына тән табандылықпен өнерін шыңдайды. Олар да ертең Халида сияқты отан даңқын асырады!

Даңқ бесігі, жеңіс ошағы атанған Алматы катогының

көрінісі бүкіл совет халқына аян. Оны халқымыз фото суреттерден, кинофильмдерден көреді.


Бірақ көзі қанған алматылықтардың өзі де бірнеше жыл өткенде осы катокты танымай қалуы сөзсіз. Оған катоктың үлкен болашағы кепіл болады.

Сонда ол қандай болмақ? Ол үшін мына екінші суретке қараңдар. Катоктың оң түстік жағында екі этажды екі үй—қонақ үйі мен спорт павильоны салынады. Қонақ үйде жарысқа қатысушы конькишілер мен судьялар тұрады. Мұнда 100 адам сыяды. Спорт павильонында мұз айдынға шығар алдында шешінетін бөлме, душ, массаж бөлмесі, дәрігерлік бөлмелер, сабақ өткізетін зал, кино залы, асхана орналасады. Мұз айдынына электрлі прожектор орнатылады. Бұл күн шуақ уақыттарда жарысты түнде өткізуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта каток маңында 120 киловаттық электр станциясы салынады.

Катоктың басында су проводы, канализация, орталықтан жылыту жүйесі жүргізіледі.

Көруші халыққа да қолайлы жағдай тудыру үшін Мохнатая шоқысының етегінде 3000 орынды трибуна салынады. Осы трибунамен қатар сауда орындары жайғасады. Қала мен каток арасындағы жол кеңейтіліп, тегістеле түседі.

Катоктың жиегінде ондаған скульптуралар орнатылады. Катоктың айналасы шойын шарбақпен көмкеріледі. 16 мың шаршы метр жерде ағаш егіледі.



Келешек катоктың көрінісі

Сөйтіп, екі жыл ішінде катоктың көрінісі мына суреттегідей болады. Бұл партия мен үкіметтің жастарына жасап отырған қамқорлығының бір айғағы.

Жаңартылған каток — советтік спорт техникасы мен шеберлігінің нағыз мектебіне айналады.

Балалар! Сендердің талайларың коньки өнеріне құмарсыңдар. Осындай тамаша катоктың мұз айдынында сырғанауды арман етесіңдер! Табанды конькишіге, өнерін талмай жетілдірген жас конькишіге тамаша катоктың есігі әрқашанда ашық.

К. Наумов



ЖАҚСЫ КЕШ

А. Барто

Поэмаңың жалғасы, басы өткен санда.

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ.

Секретарь болды аң-таң:
— Сельсоветте отырған кім?
Сұрақ қойсаң сен ауданнан,
Сөйлеседі бала, жас тым.
Кезекші кім бүгін сізде?
Кімсің бала, әңгімең көп? —
Берді жауап Шура лезде:
— Ең кішкентай мен Чистяков.
Вожатыйдай, дәл Ивандай,
Бізде ешкім жоқ іске берік,
Кетеді ойнап дәл баяндай
Қолында оның қайыс көрік.
Шықты Сергей шын бағбан боп,
Андреев — землемер.
Нағыз суайт тек Смирнов,
Емес жалғыз сол пионер.
Ашамыз біз, — деді Шура, —
Мәдениет сарайын да,
Құрып драма үйірмесін,
Қатысады ағайым да...
— Тоқта, достым, тоқта шырақ! —
Деді Петр Степаныч: —
Қояйыншы мен бір сұрақ,
Қолхозда кім негізгі күш?
Сен айтасын — біздер мықты,
Ұста, бағбан бізден шықты.
Мақтанға да өлшем керек!
Қолхозда тек пионер ме?
Әке, шеше дегендерге
Аудар назар, болсаң зерек!
Әлде ата, аналарың
Сырғанақты торып па еді?
Бесіншінің балалары
Жазда егін орып па еді?
Секретарьға не айтпақ енді?
Састы Шура жауап таппай.
— Даттағам жоқ үлкендерді, —
Күмілжиді ол өзін ақтай.
— Жоспармен іс істейді олар,
Құралдары жып-жыйнақты...
— Бәсе, бала, солай шығар..
Секретарь күлді қатты...

— Еңбек сүйгіш, — деді, —
халық, —
Шура ересек бола қалып.
Мақтады ол ақсақалды: —
Ара баққан омарташы,
Береді өзі бізге балды,
Сұрамай-ақ, сөз расы.
Әңгімесі қалды үзіліп,
Шурка кенет қысылды бір,
Баяу үнмен тұр сызылып:
— Сізге айтарлық бар еді сыр...
Отрядта болды айтыс зор.
Мен және де досым шебер
Жасамақпыз бір прибор,
Электрмен жаңбыр төгер.
Таң егеді ол барлық жұртты,
Жыйып көкке ақша бұлтты.
Жауын бұлтын жасап қолдан,
Төгер жаңбыр оң мен солдан.
Сол туралы айтыстық көп,
Мектептегі пионерлер.
Әттең бізде инженер жоқ,
Не дер еді инженерлер.
Дейді Шурка: жақсы емес хал,
Бізге инженер керек алу.
Сыйыр сауар машинаны ал,
Оңай ма оны пайдалану?
Комсомолдар айтып та жүр:
«Машинаға колхоз тым бай,
Инженер жоқ! Газетке бір,
Кетгі маза, жазып тынбай!»
Біздің бастық (кісі бір бет,
Ашушандау, қызба тым-ақ)
Ұрысты аудан талай рет...
Ауданды ол да алды сыбап...
Сізді яки сөгіңкіреп... —
Састы Шурка, тұр тұнжырап.
Болды разы секретарь!
— Не демексің бұған енді!
Мектепте де оқушылар,
Күтіп отыр инженерді.
Білемісің не айтпақпын мен?

Келе жатыр сізге инженер,
Ертеңгі күн дайын бол сен
Кездесуге жас пионер.
Қуанышқа Шурка батты:
— Жібереміз түнде атты!
— Сабыр сақта, таң атқанша. —
Секретарь күлді қатты.
Байсалды үнмен сұрады ол жай:
— Техника шын ұнай ма?
Мектебінде оқу қалай?
Не айтпақсың осы жайда?
— Бөлшектердің бөлінуін
Оқушы едім, жақсы ұғынып.
Кейітіп тұр бір сан бүгін,
Дәл бөлінбей, артық шығып.
Келе жатыр ертіп бірге,
Тапты ағасы монтерді іздеп.
Түспегендей қылау мүлде,
— Аппаратты жөндейміз, — деп.
Қап-қараңғы түнек тыста,
Жап-жарық шам сельсоветте.
— Жауабымен дәл шықты ма? —
Деді Шурка бір ретте.
Отыр Шурка қасында стол,
Трубка әлі құлағында.
Пәрменімен айғайлап ол
Деді: — қате екен мұнда!
Солай деңіз, тоқта, тоқта!
Жаңылыпты ойда жоқта!
Қойылыпты бір сан кате,
Астын сызып бөлген шақта!
Осы кіммен тұр сөйлесіп,
Дуылдата ежіктесіп?
«Бөлінді енді бөлінбес сан!»
Дейді кімге желдей есіп?
— Сөйлескенім секретарь, —
Деді ол келген ағасына, —
Айттым оған бізде не бар,
Мектептегі таласты да.
Жіберіңдер атты әзірлеп,
Ертең онда, аудан жаққа.
Бізге жақсы кісі келмек,

Т. Г. ШЕВЧЕНКО

Бағымызға, ойда жоқта.
 Бөлу жайын бөлшектерді,
 Ұмытпастай ұқтым енді.
 Райкомның өзі маған,
 Оқуыма көмек берді.
 Састы Толя дәл осы кез:
 — Жок, мұнысы болар артық!
 Айтты-ау сірә талай бос сөз,
 Тентек бала жоқты танып.
 Секретарь өзгеше ойда:
 — Искер бала — біздің Шура.
 Баланы да тыңдау пайда,
 Сөйлесуге келсе тура.
 Жел басылды буырқанбай,
 Тым-тырыс боп тынды алаң.
 Кең далаға жарқырады ай,
 Жарығы мол бұрынғыдан.
 Келсе Шурка, бірдей үймен
 Қар таулар тұр боран үйген.
 Бұлттар жүзді көкте жайлап.
 Сену қыйын өз көзіңе.
 Жаңа ғана боран ойнап,
 Қарлы құйын кезгеніне.
 Жүзеді бұлт ақырын тым,
 Қайдан білсін бала сырын,
 Жас пионер Чистяковтың,
 Бұлтқа бір күн жетемін деп,
 Көптен ойлап жүргендігін.
 Шурка мәз боп: — әрбір кеште,
 Секретарь сөйлеспес те!
 Инженерді қарсы аламыз.



Отряд боп жыйналамыз.
 Түн... Шурка да тынығар шақ.
 Монтер жігіт кейін қайтты,
 Шурка үйге шығарып сап.
 — Жуын! — деп шал ақыл айтты.
 Шурка бүгін ұйықтар тәтті,
 Сапары оңды, болды сәтті..
 Қатігез сан дәл бөлінді,
 Тарттырған көп машахатты.

Аударған

Қ. ЖАРМАҒАМБЕТОВ.

Украин халқының ұлы ақыны Тарас Григорьевич Шевченко 1814 жылы 9 мартта, крепостной шаруаның семьясында туды. Әкесі мен шешесінен жастай айрылған Тарас бала күнінен бастап-ақ өмірдің азабын бастан кешірді. Ол алғаш помещиктің малын бағалды, кейін қолбала болады. Кейінірек Тарас қожасымен бірге Петербургке келеді. Онда ол Ширяев деген суретшіден сабақ алады. Сонда жүріп Тарас орыстың сол кездегі даңқты суретшілері Брюлловпен, Венециановпен, акын Жуковскиймен танысады. Жас баланың суретшілік қаблеті мол екенін көрген олар оны крепостнойлықтан құтқаруды ойлайды. Олар Тарасты қожасынан 2500 сом ақшаға сатып алады. Сөйтіп 1838 жылдан бастап Тарас құлдықтан азат болады. Ол сурет сала жүріп, өлең жазумен де шұғылданады. 1840 жылы оның «Кобзарь» деген атақты кітабы басылып шығады.

1845 жылы Сурет Академиясын бітіргеннен кейін ол өзінің елі — Украинаға барады. Осы сапарында Тарас көптеген өлеңдер, поэмалар жазады. Тарас 1846 жылы Киевтегі бір жасырын қоғамға мүше болады. Олар крепостнойлық тәртіпке қарсы күресуді мақсат етеді. Бірақ бұл қоғамның мүшелері кейін жауапқа тартылады. Тарасты солдаттыққа алып Орынборға жібереді. Т. Шевченко біраз жыл бойы қазақ даласында, Арал, Каспий теңізі жағалауларындағы әскери бекіністерде болады. Ол қазақ халқының өмірін, әдет-ғұрпын, тұрмысын көп зерттеп, ол туралы көркем шығармалар жазады, суреттер салады. Ұлы ақын қазақ халқының жоқшылықта қайыршылық өмір кешетінін және бұған айыпты — патша үкіметінің чиновниктері мен дала байлары екенін жақсы түсінді.

1857 жылы Шевченко Россияға қайта оралады. Ол Нижний Новгородта, Москвада, Петербургта болады. Тарас Москвада өзінің бұрынғы досы, орыстың



атақты актері Шепкинмен кездеседі. Шевченко өзінің туған Украинасына барады. Ол халықты патшаға, помещиктерге қарсы күреске шақырады. Ақынның өмірінің соңғы кезі Петербургта өтеді. Ол орыс халқының атақты ұлдары Чернышевский, Добролюбов, Некрасов, Тургеневтармен жақын қатнаста болады. Шевченконың өмірі көбіне жоқшылықта, қуғында өтті. Ол өзінің тамаша шығармаларын айдауда жүріп, патша үкіметінен жасырын жазды. Шевченко орыстың алдыңғы қатарлы жазушыларының шығармаларын украин тіліне аударды.

Т. Шевченко 1861 жылы 10 мартта қайтыс болды. Патриот ақын өзінің мәңгі өлмес шығармаларында халықты азаттық жолындағы күреске үндеді, халықтар достығын жырлады. Ұлы ақынның бұл арманы қазір біздің елімізде орындалды. Т. Шевченконың шығармалары көптеген тілдерге, соның ішінде қазақ тіліне де аударылды.

Т. Г. Шевченко — тек украин халқының ғана емес, бүкіл совет халқының ұлы ақыны.

А. Алғазин.



Пионер Саматтың ерлігі

Самат сабақтан шығысымен қуанышы қойнына сыймай атына міне салып, өз колхозындағы үйіне тартты. Ол бүгін екі сабақтан бес алып, күнделігін атасына көрсетуге асықты. Самат күрең аттың бар желісімен жүріп отырды. Осылайша келе жатқанда ауа райы бұзылып, қатты жел тұрды. Тау-таудың басын тұман басты. Самат тау арасындағы жолмен келеді.

Бір кезде Саматтың құлағына қойдың маңыраған дауысы естілді. Самат атының басын тоқтатып, қойдың дауысы шыққан жаққа құлағын салып біраз тыңдады да, жолдан шығып, сол жаққа қарай жүрді. Саматтың көзіне желден ығып кетіп бара жатқан төрт қой көрінді. Бұл колхоздың күздеуінен желден ығып шығып кеткен қой болды, мұны ұстап колхоздың қойшыларына апарып беруім керек екен — деп ойлады Самат.

Қойларды ұстайын десе семіз қойлар оны жанына жуытпайды. Самат қойларды айдап отырып таудың үлкен жар тасына қамап, шалма тастан төртеуін де ұстап алады. Шылбырымен қосақтап, айдаса асау қойлар жүрмейді. Күн батып, қараңғы түседі. Қараңғы түскен сайын қойлар әр нәрседен үркіп кері қашады. Қараңғыда айырылып қалармын деген ой келіп, Самат қойларды матап, ұстап отырады. Түн суытып, қыйыршық қар жауады. Самат тоқымын жамылып, астына ерін қойып қойларды және атын ұстап отырады. Бір кезде тоқымын жел ұшырып әкетеді. Тоқымынан аты үркіп қолынан шығып кетеді. Самат қойлардан айырылмай, ұзақ таңды ұйқысыз өткізеді.

Таң атысымен Самат қойларды тағы да айдауға кіріседі.

Түс ауа тау басында ат жетектеген, мойнында мылтығы бар бір кісі көзіне түседі. Ол Саматтың қасына келеді. Бұл өзінің атасы екен. Қойлар Дүйсенәлі деген қарттікі болып шығады.

Екеуі қойды айдап аман-есен Дүйсенәлі қарттың үйіне келеді. Дүйсенәлі Саматқа және оны тәрбиелеген мұғалімдерге қатты риза болды.



Саматтың ерлігін пионер жыйынында талқылап, оған пионер ұйымы алғыс жариялап, сыйлық берді.

Р. Жазықбаев

Нарынкол ауданы, (Алматы облысы) «Социалистік қазақстан» орта мектебінің оқушысы.

Мына кітапты оқы
«Алыстағы ауылда»



Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің совет балалары да еліміздің жеңіске жетуіне үлес қосты. Олар тылда үлкендерге көмектесті, жау басып алған жерлерде партизандарға қолқабыс көрсетті.

Жуырда Қазақтың көркем әдебиет баспасы шығарған жас жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Алыстағы ауылда» атты повесті осы тақырыпта арналған. Повестің басты кейіпкері — Сережа. Ол ұлы Отан соғысы майданындағы партизан отряды қатарында болып, талай пионерлік ерліктер көрсеткен. Украинада жараланып, тылдағы госпитальда емделіп шығады. Қазақ жауынгер Жұлдыз оны өз колхозына әкеледі.

Үлкендердің кеңесі бойынша балалар колхозға көмек көрсете бастайды. Еңбек үстінде әр баланың кескін-тұлғасы, жан-жүрегі көрінеді. Сережа ұстамды, көнгерлі, ұйымдастырушы. Досан — қызба, ақкөңіл. Қожаш — шат көңіл, әзілқой. Болат — алғашқы да икемсіз, артынан коллективте түзеледі...

Бұл повестің кейіпкерлері жас ұландарға талай нәрсені аңғартады, жақсы мінездерге баулайды.

Ә. Мәлғажин.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұрқатов А., Нұртазин М.

Республикалық газеттер баспасы.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журнала «Пионер».

Подписано к печати 19/II 1954 г. УГ03168. Бум. 84×108¹/₁₆ — 0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 20 000. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры Каз ССР. Заказ № 1/

Республиканская библиотека

Балалық уақытында

“4”

Бұл кім?

Горизонтальды әрбір алты торға бір-бір әріптен толтырып, орыс жазушыларының фамилияларын жазу керек.

Сопан соң жоғарғы жағының сол жақ бұрышынан диагональ бойынша төмен қарай оқығанда, орыс халқының ұлы ақынының фамилиясы шығатын болсын.

1. XIX ғасырдағы «Современник» журналының бірінші редакторы.
2. XIX ғасырдағы жазушы.
3. «Емельян Пугачев» деген тарихи романның авторы.
4. XIX ғасырдағы орыс ақыны.

1					
2					
3					
4					
5					
6					

5. XIX ғасырдағы орыстың ұлы сатирик-жазушысы.
 6. XIX ғасырдағы орыстың ұлы демократ-жазушысы.
- Құрастырған. С. Шектібаев.

Бұл қандай нақыл сөз




Мынау дөңгелектердің ішіндегі әріптер бірден қарағанда қалай болса солай шашырап жатқан сыяқты болуы мүмкін. Ал, шындығында бұлар белгілі жүйемен орналасқан.

Бұл жүйелікті тапқанда М. Горькийдің нақыл сөздерінің бірі шығады.

С. Құлтаева

Географиялық чайнворд



1. Мұзды мұхиттағы арал.
2. Облыс орталығы.
3. Еуропадағы мемлекет астанасы.
4. Жер жүзі бөлігі.
5. Автономиялық республика.
6. Кавказдағы өзен.
7. Одақтас республиканың астанасы.
8. Өзен.
9. Теңіз.
10. РСФСР облысы.
11. Украинадағы қала.
12. Одақтас республиканың астанасы.
13. Шет мемлекет.
14. ССРО-дағы портты қала.
15. ССРО-дағы қала.

Жіберген Жәку Шурин.
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы.

ЖАУАП

«Пионер» журналының 1953 жылғы 12-номерінде басылған «Шытырманның» шешуі:

«Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй»
Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

Р. Қырықбаев (Жамбыл),
Н. Сағынбекова (Алматы облысы),
М. Байдабеков (Шымкент),
М. Байзақов (Ақсу ауданы).

1		2			9
	36			8	22
					10
	37	3			23
44	35			7	21
					11
	38	4			24
44	34			6	20
			5		12
	39	33		32	25
43		40			19
	42		41		13
				31	26
					16
					14
				30	27
					17
					15
				29	28
					16

1. Одақтас республика астанасы.
2. Халық-демократиялық республикасының астанасы.
3. Материяның кішкентай бөлігі.
4. Планета.
5. Франциядағы өзен.
6. Жеміс.
7. Химиялық элемент.
8. РСФСР-дағы облыстың орталығы.
9. Газ.
10. Ән жазушы.
11. Түіе.
12. Қазақстандағы өзен.
13. Қыйыр Шығыстағы өзен.
14. Балтық жағалауындағы қала.
15. Оң таңбамен зарядталған электрод.
16. Кемеңгер.
17. Симфониялық аспап.
18. Жазушы.
19. Химиялық элемент.
20. Мыйдан таралатын жүйе тамыр.
21. Ыдыс.
22. Даңқ.
23. Тәтті.
24. Соғыс машинасы.
25. Су транспорты.
26. Алматы облысындағы көл.
27. Египеттің астанасы.
28. Геометриялық пішін.
29. Химиялық элемент.
30. Ай.
31. Аттың қысқы сайманы.
32. Құрылық.
33. Ертедегі гректердің музыкалық аспабы.
34. Асыл тас.
35. Құрал.
36. Сайлау жәшігі.
37. Шығыс ұлты.
38. Спорттың түрі.
39. ССРО-дағы курорт қала.
40. Таяу шығыстағы мемлекет.
41. Сусын.
42. Балкандағы ұлт.
43. Францияның ұлы композиторы.
44. Математикалық жұмбақ.
45. Баубақша.

Қай ұлт?

Егер екі сан алып, біріншісінің соңғы екі әрпін, екіншісінің алдыңғы екі әрпін өшірсек, одақтас республикадағы ұлттың аты шығады.

Ол қай ұлт?

Ол екі сан қандай сандар?

Б. Сапаров,
Оңтүстік Қазақстан облысы.

